



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың
қыркүйек айынан
бастап шығады

...Мен
жастарға
сенемін!

Мағжан



№20 (609)
22 мамыр,
2025 жыл



СЫҢҒЫРЛА, күміс қоңырау!

Мектеп бітіру салтанаты – әрбір түлек үшін маңызды, қайталанбас мереке. Бұл күні күміс қоңыраудың күмбірі де ерекше естіледі. Білім ордасы – балалық шақтың, жарқын жүзді ұстаздар және сыныптастармен өткен көңілді сәттердің куәсі. Алдағы күндердің еншісіндегі асқақ армандарға асығатын түлектер салтанатты жиынды ерекше өткізуге атсалысып, мұғалімдеріне ризашылық білдіреді.

Биыл соңғы қоңырау шарасы өтетін күн өзгерді. Оқу жылының ресми аяқталу күні жексенбіге түсіп тұрғандықтан, 11-сынып түлектеріне арналған салтанатты іс-шаралар мектеп әкімшілігінің шешімі бойынша 23 немесе 24 мамырда өтеді.

Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрлігі

Орта білім беру комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев та айтты.

– 2024-2025 оқу жылының қорытындысы бойынша Ұлттық білім беру деректері қорының мәліметтеріне сәйкес елімізде барлығы 8 мыңнан астам мектеп бар. Онда 4 миллионға жуық оқушы білім алуда. Биыл 9-сыныпты 364 мыңнан астам бала аяқтайды. Олар алдағы уақытта 10-сыныпты жалғастыру

немесе колледже түсу туралы өз шешімдерін қабылдайтын болады.

11-сынып түлектері үшін салтанатты шара мектеп әкімшілігінің шешімен 23 немесе 24 мамырда мектеп қабырғасында өткізіледі. Салтанатты іс-шараны өткізу форматын, қатысушылар құрамын білім беру ұйымдары өздері анықтайды.

2-бетте



Азиза ІЗДІҚҰЛОВА:

РЕЖИССУРА — САХНАДАҒЫ ҮЙЛЕСІМ ШЕБЕРХАНАСЫ

Қызылорда облысы, Сырдария ауданының тумасы Азиза Іздіқұлова – мәдениет саласында ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етіп келе жатқан білікті маман. Облыстық филармония жұмысының көркемдік деңгейін арттыруға үлес қосып, репертуар таңдаудағы талғампаздығы, концерттер мен гастрольдерді ұйымдастырудағы ұшан-теңіз еңбегі шығармашылық ұжымды жаңа деңгейге көтерді. Оның бастамасымен әртүрлі жанрдағы концерттер саны артып, әртістердің кәсіби өсуіне жағдай жасалды.

Азиза Гәжденбекқызының 30 жылдық еңбегі – мәдениет пен өнерге адалдықпен, жауапкершілікпен қараудың нағыз үлгісі. Мереке қарсаңында Қызылорда облыстық филармониясының режиссері, Мәдениет саласының үздігі Азиза Іздіқұловамен сүбелі сұхбат құрудың сәті түсті.

– Азиза ханым, ең алдымен Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен құттықтаймыз! Барлық сұрақты балалық шақтан бастайықшы. Әнге, жалпы өнерге неше жасыңыздан бастап қызығушылық таныттыңыз?

– Мәдениет, өнер деген дүниені бала кезімнен түсіндік пе білмеймін, бірақ сол балакүнімнен ән салдым. Менің әке-шешем шопан кісілер болған. Әр төбенің басында «ұшағаш» деп аталатын белгі болатын. Сол жерге шығып, құлашымызды сермеп тұрып, Роза Рымбаева, Нағима Ескалиева, Макпал Жүнісова, Алла Пугачева, София Ротару секілді небір керемет әншілердің әндерін орындайтынбыз. Нешінші сынып екені нақты есімде жоқ... Бәлкім, мектеп табалдырығын енді аттаған кезім болар, үйде домбыра бар еді. Әпкелерім сол домбыраны ойнағанда қызығып жүріп, мен де шертіп бастадым. Содан бастап домбыра тартуды үйрендім. Музыка тілімен айтқанда аккордтарын тауып баса алған екенмін.

4, 5-бетте

ЖАҒЫМСЫЗ КОНТЕНТ: БАЛАҢЫЗ НЕ КӨРІП ЖҮР?

– Менің 4 жасар ұлым бар. Ара-тұра үй шаруасы бір ыңғайлағанша телефонымды қолына ұстатып қоямын. Сосын 1-2 сағат телефонға телміріп, «You Tube» желісіндегі қысқаша роликтерді тамашалап отырады. Бірде ұлым кешкі ас үстінде: «Тралалело Тралала, Бомбардиرو Крокодило, Балерино Капучино, Тунг Тунг Сахур» деп италян тіліндегі әуенді қайталап, менің де солай айтуымды сұрады. Алғашында әкесі екеуіміз қосыла айтып, аса қатты мән бермей жүргенбіз. Бірақ бара-бара осы бір сөздер баламның ұранына айналғандай болды. Кейін мультфильмді тамашалап, сөздерін зерттеп, астарына үңілсем мағынасы адам шошырлық. Тіпті айтуға аузым бармайды, – дейді қала тұрғыны Ақкербез Болатқызы.

Рас. Кейіпкеріміздің әңгімесінен соң лезде менің де баламның осы сөздерді қайталайтыны ойға оралды. Бейнероликті қарадым, зерттедім, дереу тыйым салдым.

Құрметті оқырман, сіздің де үйдегі бүлдіршіндер осы бір әуенді айтып,

бейнесін тамашалай ма? Иә, мүмкін байқамай жүрген боларсыз, ендеше балғындарымыздың миына кері әсерін беріп жатқан контент туралы тереңдете түсейін.



7



**ЖЕР ТОЗСА,
ТІРШІЛІК
ТОЗАДЫ**

2



**АМЕРИКАНЫ
БАҒЫНДЫРҒАН
АЙЫМНҰР**

8

НАСКАТНОН: ИДЕЯ МЕН ШЕШІМ ҰШТАСҚАН АЛАҢ

Жуырда креативті әрі маңызы зор – «Smart City Kyzylorda Hackathon 2025» облыстық IT-жобалар байқауы өтті. Ауқымды іс-шара Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен ұйымдастырылып, инновациялық ойлауға бейім, технологиялық шешімдерге құштар жастардың басын қосты. Хакатон – тек жарыс емес, ол болашақ мамандардың жаңа идея ұсынатын, заманауи IT орта қалыптастыратын ашық алаң.

Байқаудың негізгі мақсаты – өңірдегі IT әлеуетті ашу, жас инноваторлардың цифрлық шешімдерін қоғам игілігіне жарату және оларды қолдау арқылы Қызылорданы «ақылды қала» стандарттарына жакындату. Іс-шара үш

негізгі бағыт бойынша өтті. «Әзірлеу» – мобильді қосымша, веб-сайт, бот, ойындар секілді бағдарламалық өнімдер жасау, «Модельдеу» – 3D модельдер, ақылды құрылғылар, робототехника және BIM технологияларға



негізделген жобалар, «Жасанды интеллект» – денсаулық сақтау, қоғамдық қауіпсіздік, мемлекеттік қызметтер салаларындағы AI шешімдері.

Статистиканы сөйлетсек, 93 жоба қорғалып, 317 адам қатысқан. Облыстық көлемде ұйымдастырылса да, Түркістан мен Тараз қаласынан келген жастар да бар. Ал жалпы жұлде қоры 1 миллион 800 мың теңгеге құрады. Одан бөлек Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 3 білім гранты мен түрлі ынталандыру сыйлықтары табысталды.

3-бетте

СЫР ЕЛІНІҢ СЫЙЛЫ ПЕРЗЕНТІ

**Апта басында мемлекет және қоғам қайраткері
Қырымбек Көшербаевтың 70 жасқа толуына
орай тағылымы мол, мазмұны терең кездесу
өтті. Бірі – облыс әкімдігінде, екіншісі – Қорқыт
ата атындағы Қызылорда университетінде
ұйымдастырылды.**

Облыс әкімдігіндегі салтанатты жиынға аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері Куаныш Сұлтанов, Гүлшара Әбдіқалыкова, Қазақстанның Енбек Ерлері Ұзақбай Қарабалин, Юрий Пя, композитор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері Төлеген Мұхамеджанов, түрлі сала өкілдері, мерейтой иесінің әріптестері мен замандастары қатысты. Жиын барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хаты оқылып, Қырымбек Көшербаев «Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін» медалімен марапатталды.

– Мәнді де мағыналы ғұмыр кешіп, абыройға, сый-құрметке бөленген аға буын ішінде Қырымбек Елеуұлының тұлғалық келбеті, адами болмысының ерекшелігі өз алдына бөлек. Ел аманатын аркалап, халық құрметіне кенелген ардақты ағаларымыздың ғибратты ғұмырын өскелең ұрпаққа үлгі ету, лайықты құрмет көрсету – біздің басты парызымыз. Қырымбек Елеуұлы ел Тәуелсіздігінің елен-алаң кезеңінен бастап табанды қызмет етіп, ел дамуына субелі үлес қосты. Қазақ елінің бірлігін нығайтуға, ұлт руханияты мен мәдениетін дамытуға сіңірген еңбегі елге белгілі. Қызмет барысында әркез байыпты бастамаларды іске асырды.

Сыр өңірін басқарған уақытта елдің еңсесін тіктеуде ауқымды жұмыс атқарды. Мемлекет ісі мен ғылымды қатар ұштастырған өмір жолында, сан-салалы қызметте жинаған мол тәжірибесі кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге. Сізді жерлестеріміздің, өзімнің атымнан мерейлі 70 жасыңызбен құттықтаймын! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Басқосу кезінде сөз алғандар Қырымбек Елеуұлының түрлі кезеңде атқарған қызметін атап өтіп, мерейтой иесінің мемлекеттік қызметтегі тәжірибесі мен қоғамдық өмірдегі рөліне тоқталды.



Ал университет қабырғасында құрметті қонақ университет ардагерлері, профессор-оқытушылар құрамы және білім алушылармен кездесіп, жүрекжарды әңгіме өрбітті. Кездесу барысында университеттің Басқарма төрағасы – ректор Бейбіткүл Кәрімова Қырымбек Елеуұлын университеттің «Құрметті профессоры» атағымен марапаттап, арнайы диплом табыс етті.

– Халқымыздың тұлғалы азаматына лайықты құрмет көрсету – біздің бұлжымас дәстүріміз. Ел дамуына сіңірген қажырлы еңбегі үшін Қырымбек Елеуұлына алғыс білдіре отырып, Ғылыми кеңестің шешімімен «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Құрметті профессоры» атағын табыстауға рұқсат етіңіз, – деді ректор өз сөзінде.

Ізгі ықыласқа толы кездесу еркін форматта өтіп, профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер ел ағасына көкейде жүрген сауалдарын қойып, мазмұнды жауап алды. Әсіресе, жас буын үшін бұл жүздесу – ел басқарудағы тәжірибе, көшбасшылық қасиет, ұлттық құндылықтарды сақтап, оларды келер ұрпаққа аманаттау жайлы өмірлік сабаққа айналды.

БАҚ өкілдерімен сұхбат барысында мемлекет және қоғам қайраткері жастарға көңілі толатынын айтты.

– Бүгінгі жастар ізденімпаз, тәуелсіз, кеңестік кезеңнің қатқыл стандарттарынан бос. Олардың санасында үрей жоқ. Ал біз екі дәуірде кеңестік кезең мен нарықтық заманда өмір сүрдік. Жастарға көңілім толады. Біз сіздерге сеніп, үмітпен қарауымыз керек. Қолдауымыз қажет. Бастысы ұлттық құндылығымызды құлдыратпаса деймін, – деді ол.

Айта кетейік, Қырымбек Елеуұлы – В.И.Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының және Мәскеудегі Қоғамдық ғылымдар академиясының түлегі. Жиырмадан астам ғылыми еңбек, монография мен құнды кітаптың авторы. Мемлекеттік басқару саласындағы субелі еңбегі үшін І және ІІ дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев» ордендерімен, сондай-ақ Ресей Федерациясының І дәрежелі «Достық» орденімен марапатталған. Сонымен қатар, Бірінші класты Төтенше және Өкілетті Елші атағына ие.

Әлия ТӘЖІБАЙ

СЫҢҒЫРЛА, КҮМІС ҚОҢЫРАУ!

1-бетте

Сонымен қатар Оқу-ағарту министрлігінің бұйрығына сәйкес, 9 және 11-сынып оқушылары үшін қорытынды мемлекеттік емтихандардың мерзімдері де айқындалды. 9-сынып оқушылары үшін қорытынды мемлекеттік емтихандар осы жылы 29 мамыр мен 10 маусым аралығында өтеді деп белгіленді. Ал 11-сынып түлектері 30 мамыр мен 16 маусым аралығында мемлекеттік бітіру емтихандарын тапсырады, – деді ол.

Бүгінде облыста 300 мемлекеттік, 39 жеке мектеп бар. Ал 11-сыныпты 9531 оқушы аяқтайды.

Түлектер үшін Ұлттық бірыңғай тестілеуден алған нәтиже маңызды екені белгілі. Бүгінде олардың бірқатары

тестілеуге қатысып үлгерді. 16 мамырда негізгі ҰБТ-2025 басталды, тестілеу 7 шілдеге дейін жалғасады. Ал 23-24 мамыр күндері ҰБТ тапсыруы қажет түлектер қайтеді?

Ұлттық тестілеу орталығы 2025 жылғы Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) күндерінің өзгергені туралы ресми мәлімдеме жасады. Бұл өзгеріс мектептерде өтетін соңғы қоңырау күнімен байланысты енгізіліп отыр.

ҰБТ тапсыруға тіркелген талапкерлер үшін тестілеу күндері келесідей өзгереді: 23 мамырға тіркелгендер – енді 25 мамырда тест тапсырады; 24 мамырға тіркелгендер – 1маусымда ҰБТ-ға қатысады.

Ұлттық тестілеу орталығы тестілеудің жаңа күні туралы ақпарат талапкерлердің app.test-center.kz сайтындағы жеке кабинеттерінде автоматты түрде жаңартылатынын, сондай-ақ SMS хабарлама арқылы қосымша ескерту жасалатынын мәлімдеді.

Айта кетейік, өзгерістер тек 23 және 24 мамыр күндеріне тіркелген талапкерлерге қатысты. Қалған күндердегі тестілеу кестесі өзгеріссіз қалады.

Елімізде соңғы қоңырау кешінде ұстаздар мен ата-аналар ізгі тілектерін білдіріп, жиын мерекелік бағдарламаға ұласады.

Содан кейін соңғы қоңырау соғылып, жас түлектер қоштасу вальсін билейді.

Ал әлем елдері бұл күнді қалай тойлайды? Мұны білмек үшін деректерге көз салдық.

Польшада мектеп түлектері оқу орнымен қоштасу кешін емтиханға 100 күн қалғанда өткізеді екен. Олар мерекелік іс-шарадан кейін бар уақытын дайындыққа арнайды. Ал Еуропаның кейбір елдерінде соңғы қоңыраудың белгісі ретінде арнайы стильдегі киім киеді. Данияда мектеп бітіруші түлектер тек ақ түстегі киім киеді. Сондай-ақ құлпынай жейтін таңғы асқа барады. Норвегиялық түлектерге келсек, оқу жылының соңғы аптасында қызыл мен көк түсті комбинезон киеді. Жапонияда оқу жылы көктемде басталатындықтан, мектепті бітіру уақыты наурыз айы. Бітіру шарасы ресми түрде өтеді және ол бітіру емтиханының құрамына кіреді. Жапондар өздерінің мәдени дәстүрлерін мақтан тұтады, сондықтан бәрі өте салтанатты жағдайда өтеді. Түлектер ән шырқап, халықтық билер биленетін айрықша хореографиялық шеру жасайды. Жігіттерге іскерлік костюмді ғана, ал қыздарға тек кимоно киюге болады.

Біздің елде де мектептегі іс-шаралар талапқа сай, салтанатты түрде арнайы бағдарламамен өтетіні рас. Дегенмен аттестат алғаннан кейінгі басқосуларға ата-аналардың біршама қаржы жұмсайтыны белгілі. «Балам қатарынан қалмасын» дейтін ата-ана қымбат көйлек, костюм, лимузин, жарқыраған мейрамхана, тіпті, отпашу, фотосессия мен байнежазба түсіру үшін де шығындалатыны белгілі. Той тойлаған жақсы, алайда ысырап етпеуді де ұмытпаған жөн секілді.

Айдана ЖҰМАДИНОВА



ЖЕР ТОЗСА, ТІРШІЛІК ТОЗАДЫ

Қазақстанның экологиялық қауіп-қатер картасында шөлейттену мәселесі күрделі әрі өткір қатерлердің бірі ретінде алдыңғы қатарда тұр. Бүгінде елдің бірнеше өңірінде осы дағдарыстың салдары нақты сезіле бастады.

Мәселен, Қызылорда облысындағы суармалы жердің 40-80 пайызы батпақтанып кеткен. Арал теңізінің құрғауы, Сырдария суының азаюы, топырақтың тұздануы мен құнарсыздануы өңірдегі экожүйенің күрт әлсірегенін көрсетеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та бұл мәселеге алаңдаушылық білдірді.

– Арал теңізінің құрғап, шөлге айналуы – алаңдатарлық мәселе. Экологиялық апатқа ұшыраған аймақты оңалту керек. Бұған қоса, трансшекаралық өзендердің су қорын тиімді пайдалану қажет. Ол үшін су үнемдеу технологияларын кеңінен қолдану керек, – деді Президент.

БҰҰ Даму бағдарламасының деректеріне сүйенсек, Қазақстан жерінің 66%-дан астамы тозған немесе шөлейттенуге ұшыраған. Бұл шамамен 180 миллион гектар. Қызылорда облысының өзінде жер қорының 85%-ы тұзданған, ал гумус мөлшері 1%-дан төмен. Бұл – топырақтың «өлі» күйге жеткенін білдіретін нақты белгі. Ал суармалы жердің тұздануы мен батпақтануы да ауыл шаруашылығы өндірісіне тікелей соққы болып отыр.

Аталған мәселе бойынша Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясының Қызылорда облыстық филиалы ұйымдастыруымен жуырда «Шөлейттену – экологиялық дағдарысқа әкеледі» тақырыбында сараптамалық талқылау өтті. Жиынға сала мамандары қатысып, түйткілді проблеманы жан-жақты саралады.

Расымен, алаңдауға себеп көп. Климаттың өзгеруі мен жауын-шашынның азаюы өңірдің құрғақшылыққа бет алғанын көрсетеді. Бұл туралы «Қазгидромет» РМҚ Қызылорда облыстық филиалының басшысы Гүлшат Әзілханқызы дөңгелек үстелде айтып өтті.

– Вегетациялық кезеңдер қысқарып жатыр. Орташа температура жоғарылап, жауын мөлшері азайып келеді. Бұл – ауыл шаруашылығы үшін өте қауіпті үрдіс, – деді ол.

Қызылордада шөлейттенуге қарсы шаралар қолға алынып жатыр. Арал табанындағы 1,1 миллион гектар жерге сексеуіл егу жобасы жүзеге асуда. Өткен жылдың көктемінде 65 мың гектар аумақ көгалдандырылып, 19,4 миллион түп сексеуіл отырғызылған. Бір түп сексеуіл 4 тоннаға дейін құмды ұстап тұра алады, ал бір гектар сексеуіл 1,16 тонна көмірқышқыл газын сіңіріп, 0,84 тонна оттегі бөледі.

Мәселенің тек табиғатпен шектелмейтіні анық. Ауыл шаруашылығындағы тиімсіз тәжірибелер де жағдайды ушықтыра түсуде. Сарапшы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі Акерке Кеңесбайқызы агротехнология саласындағы артта қалушылықты сынға алды.

– Климаттың өзгеріп жатқанын көріп отырмыз. Сондықтан біздің ауыл шаруашылығымыз да соған бейімделуі керек. Бұл үшін фермерлерге қолдау, техника, білім қажет. Әсіресе өңірге арналған нақты агроэкожүйелік шешімдер табу керек секілді.

Біз ескі инерциямен әлі күнге күрішке суды ашық әдіспен жіберіп отырмыз. Бұл – суды ысырап етіп қана қоймай, жерді сорлатады. Тамшылатып суару тек суды үнемдеу ғана емес, топырақ құрылымын сақтайтын маңызды технология, – деді ол.

Сарапшының айтуынша, бұл технологияны енгізу арқылы су тұтынуын 40-50%-а азайтуға, ал өнімділікті 20-30%-а арттыруға болады.

Тамшылатып суару демекші, былтыр өңірде 3 189 гектар жерге тамшылатып суару енгізілді. Бұл 2023 жылмен салыстырғанда 5 есе көп. Осы жылы бұл көрсеткішті 9,2 мың гектарға, ал 2030 жылға қарай 34,2 мың гектарға жеткізу жоспарлануда.

Дөңгелек үстелде халықаралық тәжірибе де сөз болды. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі инспекциясы бөлімінің басшысы Айбек Күншығарұлы Қытайдың шөлейттенуге қарсы күрес саласындағы тәжірибесімен бөлісті.

– Қытайдың шөлді аймақтарды жасылдандырудағы тәжірибесі Арал теңізі аймағындағы сексеуіл отырғызу жұмыстарына жанама әсер етті. Қытай ғалымдары біздің егіп жатқан сексеуіл мен құмнан сынамалар алып зерттеу жүргізіп жатыр, – деді ол.

Ал жер ресурстары саласында да ахуал күрделі. Қызылорда облыстық жер ресурстарын басқару департаменті басшысының орынбасары Руслан Оразбекұлының айтуынша, өңірдегі топырақтың гумус мөлшері өте төмен.

– Қазіргі таңда өңірдегі суармалы жерлердің кемінде жартысынан көбі тиімді пайдаланылмайды. Себебі дренаж жүйелері істен шыққан, ал суару әдістері де жаңартуды қажет етеді. Егер осылай жалғаса берсе, тозған жерлерді толық қалпына келтіруге мүмкіндік болмай қалуы мүмкін.

Біздің мекеме деректер негізінде жердің сапалық картасын жасап, мемлекеттік органдар мен агроөнеркәсіп субъектілеріне ұсыныс береді. Бірақ бұл процестерге шаруалар да, әкімдіктер де белсенді араласуы керек. Жер – тек бір мекеменің емес, бүкіл қоғамның ортақ байлығы. Сондықтан жердің құнарын арттыруға барлық деңгейде жауапкершілікпен қарауымыз керек, – деді ол.

Халықаралық деңгейде шөлейттену мәселесі жер шарындағы 3,2 миллиард адамның өміріне тікелей әсер етіп отыр. Бұл жөнінде ЖСДП ҚОФ төрағасы, облыстық қоғамдық кеңес мүшесі Нұрбек Дәуренбеков ерекше атап өтті.

– БҰҰ деректеріне сәйкес, жер шарының 40%-ға жуық жері деградацияға ұшыраған. Жыл сайын 12 миллион гектар жер шөлге айналып жатыр, бұл минутына 23 гектар! 2045 жылға қарай 135 миллион адам жердің тозуы салдарынан басқа аймақтарға көшуге мәжбүр болады – бұл қазірден бастап мемлекеттер арасындағы экологиялық, әлеуметтік және демографиялық тұрақсыздықтың бастамасы болуы мүмкін, – деді ол.

Шешім қандай? Бұл тек орман отырғызу немесе топыраққа тынайтын сеуіп қоюмен шектелмейтін күрделі кешенді процесс. FAO, UNCCD, IPCC сияқты халықаралық ұйымдардың ұсыныстары бойынша шөлейттенуге қарсы күрес әрі қарай ғылыми, жүріелі және қоғамдық деңгейде жүргізілуі керек. Экологиялық сана, су мен жерді ұқыпты пайдалану мәдениеті, тұрақты агротехнология – барлығы біртұтас ұстанымға айналуы тиіс.

Әлия ЖАНӘБІЛҚЫЗЫ



НАСКАТНОН: ИДЕЯ МЕН ШЕШІМ ҰШТАСҚАН АЛАҢ

1-бетте

Қазылар алқасының құрамында болған Бейбарыс Раушанбектің айтуынша, биылғы хакатон жоғары деңгейде өткен.

– Hackaton 2025 инновациялық идеялар жарысында «Модельдеу» бағыты бойынша төрелік еттім. Бұл жарыстың орны бөлек. Себебі осындай байқаулардың арқасында менің де IT салаға қызығушылығым ашылған еді.

Биылғы хакатон өте жоғары деңгейде өтті. Қызылорда облысының түкпір түкпірінен, тіпті Түркістан облысынан да келген қатысушылар болды. «Модельдеу» бағытында әр қатысушы бір біріне ұқсамайтын жобаларын таныстырды. Соның ішінде авто тұрақ жобасының идеясы маған қатты ұнады. Кейбір оқушыларға 3D модельдеудегі біліктілік, ал кейбіреуіне жобасын қорғауда қабілет жетіспеді. Бірақ осындай жарыстарға жиі қатысу арқылы тәжірибе жинап, болашақта білікті маман ретінде қалыптасады деп ойлаймын, – дейді Бейбарыс Раушанбек.

Инновацияға қадам басқан үздіктермен танысудың да сәті түсті. Жасанды интеллект секциясында 34 жоба қорғалды. Десе де өз ортасынан оза түскен білімді жастар көп болды. Байқау нәтижесі бойынша 1-орынды НЗМ Қызылорда мектебінің оқушысы Әлішер Романқұлдың денсаулық сақтау саласына арналған Health-X атты AI шешімі иеленді.

2-орынды №144 мектептен Айдын Орынбектің психологиялық көмекке бағытталған TirekAI жобасы жеңіп алды. 3-орын Қ.А.Ясауи атындағы университет студенті Сұлугүл Дәулетбекованың көлік қозғалысын басқаруға арналған TraffIQ шешіміне бұйырды. Сонымен қатар, ректор гранты НЗМ Қызылорда мектебінің оқушысы Атымтай Надира әзірлеген буллингті анықтайтын нейрожелі – AI Bullying Detector жобасына берілді.

Ал «Модельдеу» бойынша 23 жоба сараланды. Үздіктердің қатарында AI Oasis, Сыр-Сафари, H2ZeroParklet жобалары бар.

Ең тартысы өткен секция «Әзірлеу» бағыты болды. Мұнда 45 жоба қорғалып 1-орын Айзере Бекжанға, 2-орын Махаббат Байменова, ал 3-орын Жанель Ибадуллаға табысталды.

«Smart City Kyzylorda Hackathon» – жас буынның ел болашағына деген көзқарасы мен жауапкершілігін көрсететін алаң. Себебі жастар ұсынған жобаларының басым көпшілігі әлеуметтік маңызы жоғары проблемаларға арналған: экология, білім беру, көлік жүйесі, қауіпсіздік, денсаулық сақтау.

Бұл тек жарыс емес – бұл өмірлік жобалардың бастамасы. IT саласына бет бұрған мектеп оқушылары, студенттер мен жас мамандар өз идеяларын дәлелдеп, нақты өнім ретінде ұсынып отыр. Осындай жобалардың көптеп жасалуы – өңірдің цифрлық болашағына сенім ұялатады.



Қазақстанда цифрлық даму жолындағы тағы бір маңызды қадам жасалды. Өткен аптада Мәжілістің жалпы отырысында депутаттар «Жасанды интеллект туралы» заң жобасы мен оған ілеспе түзетулерді бірінші оқылымда мақұлдады.

Заң жобасы елімізде қарқынды дамып келе жатқан ЖИ саласын құқықтық тұрғыда реттеуді көздейді. Жобаны дайындауға Мәжіліс депутаттары, оның ішінде жұмыс тобының жетекшісі Екатерина Смышляева белсенді атсалысты.

Оның айтуынша, заң жобасын әзірлеу Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасы аясында жүзеге асқан. Ол өз баяндамасында ЖИ-дың дамуы тек мүмкіндік ашып қана қоймай, сонымен қатар айтарлықтай тәуекелдерге де жол ашатынын атап өтті.

– Жасанды интеллектің дамуы үлкен мүмкіндіктермен де, елеулі тәуекелдермен де жүреді. Осы салада құқықтық реттеудің болмауы басты мәселенің бірі болып қала береді, – деді депутат.

Заң жобасы 7 тарау, 28 баптан тұрады. Құжатта ЖИ технологиясын қолданудың тәртібі, пайдаланушы мен әзірлеушінің

құқықтары, міндеттер белгіленген. Ал негізгі бағыттарының бірі – ұлттық жасанды интеллект платформасын құру. Бұл өз кезегінде отандық цифрлық экожүйенің дамуына серпін бермек.

– Платформа жасанды интеллект модельдерін оқыту үшін дерек кітапханаларына әзірлеушілердің қол жетімділігін қалыптастырып, қамтамасыз етеді. Сондай-ақ салаға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері нақтыланады. Жасанды интеллект жүйе иелері өз жүйелерін пайдалану шарттарын белгілей алады, өз құқықтарын қорғай алады және тәуекелдерді басқара алады, – деді Екатерина Смышляева.

Мұнан бөлек, авторлық құқық тақырыбы көтерілген еді. Бұл жөнінде депутат Жанарбек Әшімжанов пікір білдірді.

– Қазір мен осында отырып, chat-GPT-ға «Ерлан Сайыров туралы өлең жазып бер. Ол депутат, саясаткер, Шығыс Қазақстанның тумасы, олигархтармен аяусыз күресіп жатыр» деп тапсырыс бердім. «Сатылмас сөзге, ұранға депутат болып тік айтты. Олигархтарды жығып қайтты, қарапайымның үні болып, әділдік үшін майдан ашты» деп жазып берді. Қазір әлеуметтік желіде де мұндай қаптап жатыр. ЖИ-дың туындыларға ешқандай авторлық құқығы жоқ. Енді технологиялық тұрғыдан, коммуникациялық инфрақұрылым тұрғысында, әрине, қажет. Ал енді кейін ақын, жазушы, драматургтер қаптамай ма?, – дейді депутат.

Ал Мәжіліс отырысынан кейін депутат Үнзिला Шапақ:

– Ал енді толыққанды ЖИ жасап, азамат оны өзінің атынан жариялау ол заңды болып табылмайды. Осыған байланысты тәуекелдердің, пайдаланулардың пайыздық, өлшемдік критерийлері болады, – деп пікір білдірді.

Қауіпсіздік мәселесі де заң жобасында басты назарда тұр. Ондағы тәуекелдер төрт санатқа жіктелген. Қауіптілігі жоғары жүйелер маңызды ақпараттық және коммуникациялық инфрақұрылым ретінде жіктеледі. Сондай-ақ көмекшілерге, жартылай автономды жүйелерге және толық автономды алгоритмдерге бөледі. Ал толық автономды жүйелердің Қазақстан аумағында қолдануға рұқсат берілмейді, яғни тыйым салынады.

Заң жобасын талқылау қорытындысында Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов бұл құжаттың аса өзекті әрі дер кезінде әзірленгенін атап өтті.

– Мемлекет басшысы жасанды интеллектті дамыту мәселесіне басымдық беріп отыр. Таяуда өткен Ұлттық құрылтай отырысында еліміз үшін осы саланы дамытудың маңыздылығын тағы да атап өткені бекер емес. Бүгінде жасанды интеллект өнімдерін қолдану қарқынды дамып жатқанына қарамастан, тек санаулы елдер ғана оның толыққанды дамуына құқықтық негіз жасай алады. Бұл ретте біздің депутаттарымыз халықаралық үздік тәжірибелерді ескере отырып, осы заң жобасын әзірледі, – деді Мәжіліс Спикері.

Алдағы уақытта құжаттың әрбір тармағы мұқият сараланып, жетілдіріледі. Расымен жасанды интеллект өндірістен бастап, медицина, білім, көлік, қаржы салаларына дейінгі барлық бағыттарда қолданылып жатыр. Дегенмен бұл үдеріс белгілі бір заңнамалық реттеуді талап етеді.



БАЙҚАУДА ТОП ЖАРҒАН ҮЗДІКТЕР

Жасанды интеллект пен технологиялар дәуірінде өскелең ұрпақтың жаңашыл бастамалары сүйсіндіреді. Жақында өткен хакатон байқауында үздік деп танылған үш жоба авторымен сұхбаттасып, олардың тың идеялары мен көзқарастары туралы білдік.

Алғашқы кейіпкеріміз – Айзере Бекжан. Ол «Әзірлеу» бағытына қатысып, Trustviser жобасын ұсынған.

– Айзере, алдымен Trustviser туралы кеңірек айтып өтсеңіз. Бұл қандай жоба, кімге арналған?

– Trustviser – саяхатшыларға арналған әмбебап онлайн-сервис. Жобамыздың негізгі мақсаты – сапарға дайындықты жеңілдетіп, уақытты үнемдеуге көмектесу. Платформамызда жасанды интеллект негізіндегі жеке гид, маршрут жоспарлаушы, тексеру парақтары, сұрақ-жауаптар мен пайдалы мақалалар қамтылған. Өзгелерден басты ерекшелігі – осының бәрі бір жүйеде шоғырланған. Көпшілік ақпаратты әртүрлі сайттан іздеп, көп уақыт жоғалтады. Біз осы олқылықтың орнын толтыруды көздедік.

– Бұл идея қалай пайда болды?

– Саяхатшылардың күнделікті кездесетін қиындықтары, ақпаратқа қол жеткізудің күрделілігі осы жобаның өмірге келуіне түрткі болды. Біз ресми статистика мен зерттеулерге сүйене отырып, осы мәселенің өзектілігін анықтадық. Әріптесім екеуіміз бірнеше стартап жасадық, бірақ дәл осы бастама ең маңызды әрі болашағы бар жоба деп ойлаймын. Қазіргі таңда жобаның жұмыс істейтін веб-нұсқасы бар. Прототип дайын, пайдаланушылар тестілеуден өткізіп жатыр. Ендігі мақсат – мобильді қосымшаны жасап шығару. Қаржылай қолдау тапқаннан кейін осы бағытта жұмысты жандандырып жатырмыз.

– Хакатонда жеңімпаз атанған сәт есіңізде ме? Қандай әсер алдыңыз?

– Байқауға қатысқан командалар өте мықты болды. Әрбір жоба өзіндік идеясымен ерекшеленіп тұрды. Менің ойымша, барлық ұсынылған бастамалар еліміздің дамуына оң әсерін тигізетін әлеуетке ие. Осындай үздіктердің арасында көзге түсу, әрине, бұл мен үшін өте ерекше әрі ұмытылмас сәт болды. Жобамыздың жүлдеге ие болғанын естігенде қуаныш пен мақтаныш сезімі қатар келіп, толқығаным рас. Бұл – бірнеше айлық еңбектің, ізденістің нәтижесі еді. Байқаудан алған қаржыны техникалық өзгерістер жасауға, мобильді қосымшаны жетілдіруге және маркетингке қолдану жоспарда бар.

Жақын арада қосымшаның ресми нұсқасын шығарып, нарыққа жол тартуды көздеп отырмыз. Сонымен қатар, инвестиция тарту, нақты қолданушылармен кері байланыс орнатып, жобаны одан әрі дамыту – басты мақсаттарымыздың бірі.

– Жауабыңызға рақмет!

Жасанды интеллект – медицинаға көмекші

ЖИ секциясының үздігі Әлішер Романқұл небәрі 16 жаста. Ол Health-X атты тың

жобасымен көзге түсіп, жеңімпаз атанды. Өз жобасы арқылы жасанды интеллект пен машиналық оқытуды медицина саласына енгізіп, халыққа сапалы әрі қолжетімді көмек көрсету жолдарын ұсынды.

Health-X – жасанды интеллект пен машиналық оқыту технологиясына негізделген медициналық кескіндерді талдау платформасы. Мысалы өкпенің рентген суреттері, КТ, тері суреттері, қандағы жасуша бейнелері. Бұл жоба медициналық орындарда кәсіби мамандардың жетіспеушілігін азайтып, диагноз қоюда көмекші құрал бола алады. Сонымен қатар, диагностика процесін жылдамдатып, дер кезінде анықтау арқылы аурудың алдын алуға сеп болады. Веб-сайтында да түрлі медициналық кескінді саралап, жасанды интеллект көмегімен болжам жасап береді.

Жоба авторының айтуынша, медициналық мекемелердегі ұзын-сонар кезектің әсерінен осы жоба пайда болған.

– Қала тұрғындары көбіне ұзақ кезектің кесірінен дер кезінде көмек ала алмай жатады. Осы мәселе мені толғандырды. Бір жағынан, жасанды интеллекттің мүмкіндіктері күн сайын артып келеді. Сол себепті, ЖИ-ді медициналық көмекке қолжетімділікті арттыру құралы ретінде қолдану ойы туындады. Нәтижесінде Health-X дүниеге келді, – дейді ол.

Қазір жобаның веб-платформасы жұмыс істейді. Ол қолдануға жарамды дейді Әлішер. Ал алдағы уақытта мобильді қосымша ретінде жасап, халыққа кеңінен қолжетімді етуді жоспарлап отыр екен.

– Бұл байқаудан бөлек Kyzylorda Hub ұйымдастырған бірнеше хакатонға қатысып келемін. Бұған дейін NIS Hackathon-нан екінші орын алсам, INFORMATIX ASIA – 2025 халықаралық байқауында да жүлдегер атандым. Бұл жобадан бөлек, әлемнің әр аймағындағы климат жағдайын шынайы уақытта бақылауға арналған жоба дайындау үстіндеміз, – деді.

Жас өнертапқышпен ЖИ жөнінде де сөйлестік.

– Жасанды интеллекттің пайдасы көп: ол адам өмірін жеңілдетеді, үлкен деректермен жұмыс істей алады және медициналық болжам жасауда ерекше тиімді. Алайда, ЖИ-дің жұмысты автоматтандыруы кей мамандықтардың азаюына себеп болуы мүмкін.

Дегенмен, менің ойымша, бұл – жаңа, маңызды мамандықтардың пайда болуына жол ашады. Егер ЖИ-ді көмекші құрал ретінде қолдансақ, ол адам өмірін жақсартып түседі, – деп жауап берді ол.

– Алдағы уақытта Health-X-ті пилоттық жоба ретінде медициналық ұйымдарға ұсынып, тестілеуден өткізуді жоспарлап отырмыз. Қателермен жұмыс істеп, жүйені жетілдіру – басты мақсат. Содан кейін кең көлемде қолданысқа енгізуге мүмкіндік болады деп сенеміз. Байқаудағы қарсыластар өте білімді, креативті және тәжірибелі болды. Өр жоба қоғамның әртүрлі саласын қамтып, ерекше идеяларымен ерекшеленді. Бұл – біздің елде дарынды жастар көп екенін көрсететін тамаша мүмкіндік болды, – дейді Әлішер.

ЖИ мен жол қозғалысы ұштасқанда

Жол қозғалысындағы кептеліс Пен апатты жағдай – бүгінгі қала тіршілігінің өзекті мәселелерінің бірі. Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің студенті Сұлугүл Дәулетбекова осы түйткілді шешуге бағытталған TraffIQ жобасын ұсынып, хакатонда жүлделі орын иеленді. Ол жобасында жасанды интеллект мүмкіндіктерін көлік ағынын басқаруға тиімді қолдану жолын ұсынды.

– TraffIQ – жолдағы көлік қозғалысын нақты уақыттағы дерек арқылы талдап, тиімді басқаруды көздейтін жоба. Жасанды интеллект көмегімен кептелістерді алдын ала болжауға, апатты жағдайлардың алдын алуға болады. Бұл тек жол қозғалысын ғана емес, экологиялық және әлеуметтік ахуалды да оңтайландыратын шешім. Ауа сапасын жақсартып, тұрғындардың жүйке-жүйесіне де жағымды әсер етеді.

Қазір прототип дайын. Жасанды интеллектпен жұмыс істейтін негізгі алгоритмдер сынақтан өтті. Алдағы кезеңде нақты қаланың инфрақұрылымына бейімдеу жұмыстарын қолға алуды жоспарлап отырмыз, – дейді жеңімпаз.

Басы 1-бетте

Азиза ІЗДІҚҰЛОВА:

Режиссура – сахнадағы цймесім шеберханасы



Анамыз марқұм ерте дүниеден өтті. Бізге апамыз, яки әкемнің туған қарындасы қарасты. Мектеп бітіргенімде сол апам менің педагогикалық институтта оқығанымды қалады. Бірақ мен көнбедім. Мұғалім бола алмайтынымды айттым. Әпкем музыкалық колледжде вокалда білім алатын. Бірге оқитын қатар құрбылары үйге келіп, пианиноға отырып ән шырқағанда қатты қызығатынымын. Мен негізі орыс мектепте білім алдым. Алғашында төрт жыл интернатта оқыдым. Ол кезде №1 Ю.Гагарин атындағы қазақ мектебінде малшылардың балалары білім алатын. Төртінші жылы оқуда жүргенімде анам дүниеден өткен соң денсаулығым сыр бере бастады. Сөйтіп мені ауылдағы орыс мектебіне ауыстырды. Әпкеме қызығып жүріп іштей шешім қабылдап, мен де музыкалық білім алғым келетінін апамға айта бастадым. Апам маған вокалға емес хор дирижерлығына оқуға түсуді насихаттады. Расында да мектеп қабырғасында жүріп өзім хор құрамында ән айтатынымын. Мені педагогикалық институтқа оқуға түсірмек болып жүргенде музыкалық училищенің емтихан тапсыру уақытынан кешігіп қалдым. Педагогикалық институтта білім алуға тіпті құлқым жоқ. Ақырында екеуінен де қағылдым. Сөйтіп бір жыл қырманда зертханашы болып жұмыс істедім. Кейін құрылыста да сылақшы-сырлаушы болып еңбек еттім. Сол уақытта ауылда қарқынды құрылыс жүріп жатқан кезең еді. Бір жыл тынымсыз еңбек етіп талқан қаражатымның басын құрап, келесі жылы «хор дирижеры» мамандығы бойынша музыкалық училищеге оқуға түстім.

– Мәдениет майданына қадам басқан алғашқы жылдарыңыз жайлы айтып берсеіңіз...

– Мен мектеп бітірген жыл кеңес одағы тарауымен тұспа-тұс келді. Еліміз еркіндік алып, енді аяққа тұрып, өз теңгесін шығарып жатқан кезең болатын. Халық қиын жылдарды бастан өткеріп жатқанда біз студент едік. Расында да жұртпен бірге көп қиындықты көрдік. Музыкалық училищені тәмамдаған соң бірден жұмысқа орналастым. Ауылда «Гүлдәурен» атты балабақша болатын. Басшысы училищеге хат жазып, мені балабақшаға көркемдік жетекші ретінде жұмысқа қабылдайтынын айтып, хабардар етті. Солай оқуымды аяқтай сала ауылға беттедім. Бірақ балабақшада балалармен аз ғана уақыт жұмыс істедім. Себебі құлдырау кезеңі жүріп жатқан шақта балабақшалар да жабылды. Сонан соң ауылдағы клуб үйіне жетекші болып жұмысқа орналастым. Кейін жаңа заң бойынша ауылдардағы клубтар түгел «Мәдениет үйі» статусын алып, мәдениет үйінің директоры қызметін атқардым.

Тасбөгет – Сырдария ауданының орталығы болатын. Біздің тікелей басшылық осында еді. Мені концерттерге қатысуға жиі шақыратын. Тасбөгетте «Мереке» атты ансамбль бар. Бірі вокалды-аспапты ансамбль болса, екіншісі эзіл-сықақ отауы. Осы кісілермен бірге концерттерге қатысатынбыз. Ол кезде маман жетіспегендіктен, автоклубтың, ауылдық клубтардың мамандарын түгел жұмылдыратын. Орталыққа жиналып, концерт беретінбіз. Кейін ауылдық клубтан Сырдария аудандық мәдениет үйіне ауыстым. Баспана болмаған соң, құрбылардың үйіне қоныстандық. Сырдария ауданына қарасты барлық ауылды аралап, концерт өткізетінбіз. Сол жылдардың қиындығы айтуға да ауыр. Бір ауылда су болмаса, енді бірінде жарық, бірінде жылу жоқ. Мәдениет үйлері тіпті құлдырап кеткен кезең еді. Жылуы жоқ мәдениет үйлерінде пеш жағып отыратын. Сап-салқын залда көрермендер қалып сырт киіммен отырғанда біз сахнада жүп-жұқа көйлекпен өнер көрсететінбіз. Елді мекендерге жеткізетін көлік табылмайды. Көлік табылған күннің өзінде жанармай табу екіталай болатын. Гастрольдік сапарларға «таблетка узиктермен» шығатынбыз. Тіпті кейде ағайларымыздың «москвич» маркалы көліктеріне тиіліп алып кете беретін едік. Өзі жүріп болмайтын, итеріп оталдыратын көліктер көптің есінде шығар. Сол кезеңде бізде алып бара жатқан табыс та жоқ.

Халықтың да тұрмысы ауыр болғаны соншалық, концертке тиын таба алмай, орнына жұмыртқа, айран ұсынып кіргеніне де куә болғанбыз.

Рас, мәдениет саласында жағдай болмады. Мен кейін облыстық халық шығармашылығын дамыту орталығында продюссерлік бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеп жүрген уақытта осыған көзім жетті. Мәселен, Арал ауданына қарасты 22 ауылдық клубты аралап шыққанда, сөздің шыны керек, мүлде жағдай жасалмаған еді. Қазір қарасаң соның бәрі ертегі секілді. Не жағдай болса да бас тартпай, әрі қарай мәдениет үйі болып жұмысын жалғастырып кетуі осы ауылдарда мәдениетте жүрген қыз-жігіттердің еңбегінің арқасы деп ойлаймын. Олардың еңбегі көбіне ескерілмей, назардан тыс қалып жатады.



– Талантыңызды танып, оны шындауға үлес қосқан, бағыт-бағдар берген «ұстазым» деп кімді айтар едіңіз?

– Мәдениет саласында әнді де айттым, биді де биледім, аспаппен де ән салдық, эзіл-сықақ театрында да өнер көрсеттім. Мені барлық қырымнан ашып, өнерге баулыған ұстазым – Тілеген Бекарыстанов есімді ағамыз. Тілеген Ысқақұлы жалпы осы мәдениет пен өнер мектебінен өткізді мені. Екінші жоғары оқу орнын «Өнертану» мамандығы бойынша тәмамдадым. Біздің өңірде нағыз режиссер маман жоқ. Театр, драма режиссерлерін емес, концерттік режиссерлерді айтып отырмын. Өрине, ағайларымыз болды, Шайтұрсын Әбдібаев ағайымыз, Жеңіс ағайымыз қоятын. Ал хореографияда марқұм Болат Қаржаубаев есімді жігіт болды. Осындай кісілер жұмыс істейтін.

1995-1998 жылдар аралығы болуы керек, өнерпаз қыз-жігіттер бірге сценарий жазамыз, шулап жүріп дайындаламыз. Сырдария ауданында керемет таланттар болды. Мысалы Сәбит Ұлықпан осы күні де «Мереке» тобында өнер көрсетіп жүр. Айнаш Жүрсінова, Гүлсім Ибраева есімді ғажап әнші қыздар бар еді, бүгінде өнер саласынан алыстап кетті. Айгүл Алшынбекова есімді құрбымыз бар, қазіргі уақытта Астанада мүлде басқа салада қызмет етіп жатыр. Ешқандай дайын мәтінді қажет етпейтін, көрерменді өз сөзімен-ақ үйіріп әкететін нағыз конференс-е болатын. Барлығы Тілеген ағайдың мектебінен өтті. Осындай командамен кәсіби деңгейде жұмыс істедік. Сахнадағы қателік кешірілмейді. Әр концерт аяқталған соң міндетті түрде талдау жасалады. Кеш барысындағы кем-кетігіміз айтылып, жақсы тұсымыз да талқыланады. Ал бүгінгі уақытта концерттен кейін мұндай талдау жасалмайды. Мәселен, өзім концерт барысында кеткен қателіктерді жазып қоямын, бірақ көп жағдайда айта бермеймін. Себебі қазір өнерпаздар жасаған талдауыңның өзін сын деп қабылдайды. Шын мәнінде бұл сынау емес, алдағы уақытта осы қателіктер қайталанбауы үшін айтылатын нәм айтылуы керек дүние.

1999-2000 жылдары Сырдария ауданы

тарқаған соң біз қалаға ауыстық. Ол кезде ауданаралық жарыс көп ұйымдастырылатын. Фестивальдер, ән-шілердің байқауы жиі өтетін. Аудандарда қанша мәдениет қызметкері бар, барлығы бір-бірін таниды. Сайыста жеңсе де, жеңілсе де бірін-бірі қолдап-қоллапшап, іс-шара сондай позитивті деңгейде өтетін.

– Облыстық филармониядағы қызметіңіз қай жылы басталды?

– Қалалық мәдениет үйіндегі көркемдік жетекші қызметінен облыстық филармонияға 2008 жылы ауыстым. Нағыз жұмыс осында басталды десем болады. Ол кезде ұжымда адам өте аз. Күлән апам бастаған эстрадалық орындаушылар бар. Қателеспесем алты қыздан құралған «Томирис» би-ансамблі бар. Жалпы 2009 жылдан бастап филармонияда жаңа өнер ұжымдары құрыла бастады.

2014 жылы көркемдік жетекші штатын алып тастаған соң мені директордың көркемдік жұмыстар жөніндегі орынбасары штатына ауыстырды. Осы аралықта әкімдер ауысты, басшылық өзгерді. Камералық оркестр, одан кейін симфониялық оркестр құрылды. Хор ұжымы жұмысын бастады. Кеше жақында би ұжымы ашылды. Филармонияның жұмысы алға басып, кеңейе түсті, ғимарат берілді. Бұл филармония тарихындағы үлкен бір өрлеуі, кәсіби деңгейге көтерілуі.

маман осы жұмыстың барлығын рет-ретімен жүзеге асыратын, кез келген идеяның басында тұратын адам. Осы маман өте тапшы. Қай концерт болмасын режиссерлігін өзімнің директор орынбасары қызметіммен қатар атқарып жүрдім. Бірақ бұл ресми болып саналмайды. Маман жоқ болған соң көлеңкеде қалып жұмыс атқаруға тура келді. Әлдебіреуге барып, концертті жасап бер деп айтқан күннің өзінде ол үлкен қаражат талап етеді. Қашанғы сырттан режиссер шақырамыз...

Бұл жұмысты мен үлкен тәжірибемен, 30 жылда меңгердім. «Концерт режиссері қалай жұмыс істеуі керек? Қандай тақырыптарды ашуға болады? Көрерменге қандай концерт қызық?» деген ойлармен үнемі ізденіс үстінде жүреміз. Бірақ «мынау қызық болады екен» деп жаңадан шыққан әр трендті қуалап, хит өндердің соңында кете беруге болмайды. Біздің басты міндетіміз көрерменді рухани тұрғыда дамытатын жоба жасау. Әр концерттің айтар ойы, мазмұны болуы керек. Біз осы арқылы тәрбиелейміз. Келген көрермен эстетикалық тұрғыда рухани демалыс алып қайтуы керек. Бізде бір ғана бағытта жұмыс жасайтын концерттер өте көп. Бұл – қате дүние.

Барлығының тезисін жасап, жоспарлап, көрерменге жеткізу үшін режиссер жұмыс істеуі керек, мықты сценарист болуы қажет. Директор орынбасарлығымен қатар мен сол концерттердің сценарийін де жазып, режиссурасын да жасап жүре бердім. Бірақ нәтижесінде қатты шаршағанымды түсіндім. Бір күнде бір емес, қатарынан бірнеше концертті дайындау өте ауыр жұмыс. Оркестр концерті, фольклорлық ансамбльдің концерті, бишілердің, эстрада өнерпаздарының, жеке, жұптасып, топтасып беретін концерттер бәрі-бәрі айналып келгенде сценарийсіз, режиссерсіз өтпейді. Осының бәрін қатар алып жүргенде сөздің шыны керек, соңғы он жылда өзімді энергиялық тұрғыда тауыстым десем болады. Директор орынбасары ретінде мұнда да жауапкершілік бар. Басшылық құрамда болған соң ұжымдағы жағдайлар, ішкі мәселелер, жоспарлар бар. Бұл шектен тыс жүктемелер маған ауыр болды. Осының бәрін саралай келе не орынбасарлықты, не рижиссерлікті тандау керек болды.

Әлемде пандемия тарап жатқан кезеңде көп жұмыс атқардық. Үрей үстіндегі халықты сабырға шақыру үшін өнерпаздар жұмыла кірісті. Бәрінен бұрын осы іс-шараларды ұйымдастыру оңай болмады. Психологиялық тұрғыда да, техникалық тұрғыда да ешқандай дайындығымыз жоқ. Арамыздағы қызметкерлер де сол дерттен қайтыс болып жатты. Алдыңғы аға буын, мүйізі қарайғайдай майталмандардан айырылып қалдық. Сөйте тұра абдырап қалмай, жағдайды бақылауда ұстадық. Әр шығармашылық ұжымға лайықтап бірнеше онлайн рубрика ұйымдастырдым. Сонда өнерпаздар тапсырманы өз үйлерінде отырып түсіріп, монтаждап, бір-бірімізбен тек әлеуметтік желі арқылы ғана байланыс орната отырып, көп жұмыс атқардық. Сол уақытта қажығаным сонша өзіме «осы кезеңнен аман-есен шықсақ, қызметімнен ерікті түрде бас тартып, қарапайым өнерпаз болып қаламын» деп уәде бердім. Шындығында өнерге



ән айтып келген жанмын, әншілікке бет бұрамын да бұл жұмысымды қоямын деп шештім. Мұның барлығы бес жыл бұрынғы оқиға. Индеттің беті қайтып, ел ішінде жағдай түзеле бастағанда басшылықтан мені режиссерлікке ауыстыруын сұрадым. Дегенмен басшылық филармонияның енді ес жиып жатқанын алға тартып, жолға қоятын жұмыстар бар екенін меңзеді. Кейін жаңа ғимаратқа көшетінімізді естігенде әлгі ойымды тағы білдірдім. Себебі жас қосылған сайын уақыт өзінікін алады. Бұрынғыдай барлығын бастап, алға сүйреп жүретін күш-жігер менде азайып бара жатқанын ұқтым. Бірақ басшылық бұл жолы да кейінге қалдырды. Былтыр жаңа ғимаратқа келіп орналастық. Орынбасарлық қызметті тапсырғым келіп, жұмыстас білікті музыкант жігітке қолқа сала бастадым. Өзара келісіп, басшылыққа ұсыныс жасадық. Ұсынысымыз қолдау тапты. Сөйтіп режиссураға ауыстым да, шығармашылыққа бет бұрдым.

– Жеке шығармашылығыңызға ден қойып, орындауыңызда жаңа әндерді жарыққа шығарып жүрісіз. Таптаманыңызға сай туындыларды іздеп табасыз ба, әлде арнайы жаздырасыз ба?

– Болатбекова Жанар есімді құрбымыз бар. Ол да отыз жыл өнерге қызмет еткен мәдениет саласының майталманы. Қаншама жұмыстарды бірге атқардық. Қалалық мәдениет үйінің директоры болып жұмыс істеді. Нағыз өз ісіне адал, іскер жан. Жанардың ән жазатын қабілеті бар. Ақын жерлесіміз Асылзат Арыстанбекті көпшілік атпай-ақ танитын болар, ғажап ақын. Осы ақын мен сазгер тандем құрып, әдемі әндерді дүниеге әкеле бастады. Қызылордада шығармашылық кеш жасап, маған орындауға екі ән берді. Бұрын ән айтқанымды Жанар жақсы біледі. «Азизадай әнші болсақ деуші едік, неге әннен алыстап кеттің? Мына әнді өзің орындашы» деп ұсыныс білдірді. Шұғыл түрде өнердегі достарыма хабарласып, әннің аранжировкасын жасатып, сахнаға шықтым. Осылай әншілікке бет бұрып, жеке шығармашылығымда үлкен жаңалық орын алды.

Шынымды айтайын, «маған осындай туынды керек» деп ән іздеген емеспін. Жалпы маған өзге біреудің репертуарындағы дүниені қайталап орындау ұнамайды. Орындайтын әнім өз өміріммен байланысты болуы керек. Арнайы жазылған туынды болмаса, бұған дейін концерттерде орындаған әндер мені қанағаттандырмайтын. Себебі оны менен бұрын басқалар жарыққа шығарып, ел тыңдап, танылып қойған туындылар еді. Ол әнді керемет етіп орындап жүрген әншілер бар. Олардан асырып орындамаған соң, қайталаудың қажеті жоқ деп ойлаймын.

Ән жазарда Жанар мен Асылзатқа өз ойымды айтамын. Бірақ толыққанды менің идеямен жазылады деуден аулақпын. Қыздар өздері менің болмысыма, тағдырыма қатысты етіп жазады. Бүгінде орындап жүрген әндерімнің ешқайсысы жайдан-жай туындаған шығарма емес. Барлығы ғұмырыма қатысты әндер. Соның ішінде «Бір шырақ» атты әнді ерекше атап өткім келеді. Бұл ән – менің өмірімдегі ең үлкен трагедия мен ең

үлкен қуанышты тоғыстырған туынды. Жеті жасымда жеті бірдей бауыр болып анамыздан айырылып қалу – мен үшін ғұмырымдағы ең үлкен қасірет. «Анам нені жақсы көрді, қалай киінуді ұнататын, қандай сөздерді жиі айтатын, қалай ұйықтап, қалай оялатын, қай іс-әрекетім не мінезім оған ұқсайды екен» деген сұрақтар мені өмір бойы мазалап келеді. Анамның көп суреті де жоқ. Сәби күнімде фильмінің үзінділері секілді көз алдымда сақталып қалған бейнесін қайта-қайта еске алып тұрамын. Оның өзі жылдар өтіп, жас ұлғайған сайын бұлыңғыр тартады екен. Елдің айтуынша мен әкеме ұқсаймын. Дегенмен жүз пайыз ұқсауым мүмкін емес қой. «Анама да ұқсайтын тұстарым бар шығар, сол қай тұсым екен» деп жиі ойланамын. Бұл сұрақтар мен үшін өте маңызды. Генетикалық тұрғыда анаммен қандай ұқсастығым бар екенін білгім келеді. Кейде біреулер «осы бір мінезім шешемнен айнамайды» деп айтып отырады, мен олай айта алмаймын мәселен. Ал ең үлкен қуанышым өмірімде қызымның пайда болғаны. Құдайдан сұрап алған перзентімді күнде ұйықтар алдында міндетті түрде маңдайынан сүйіп, шүкір айтамын. Сондықтан «Бір шырақ» атты әнім – мен үшін қымбат туынды.

Жанар мен Асылзат жазып берген туындылар ішінен бүгінде алты әнді жарыққа шығарып, концерттерде орындап жүрмін. Өзім осы



әндерден рухани ләззат аламын. Тың идея туындап, өмірге басқа қырынан қарауға әннің септігі көп. Сенімділік пен серпіліс сыйлайды. Алдағы уақытта жанды дауыста шығармашылық концертімді бергім келеді. Қазір соған жұмыс жасап жатырмын.

– Осы отыз жыл ішінде қанша концертке режиссерлік жасадыңыз? Шабытты қайдан аласыз?

– Күні бүгінге дейін қанша концерт жасағанымды санап айтып бере алмаймын. Мысалы, бір жылдық жоспарымызда 240 шараға дейін өтеді. Соның 99,5 пайызының

жалпы концепциясын құрып беремін. Сол бойынша мәтінін жазып шығады. Шындығында жауапкершіліктің басым салмағы маған артылған.

Концерт жасағанды жаным сүйеді. Оның ауыртпалығын, одан қаншалықты шаршайтынымды жақсы білемін. Кейде осынша еңбектенуге татиды ма деп ойланамын. Бірақ концерт барысында қаншама өнерпаз сахнаға шығып, елге рухани ләззат сыйлап жатқанда меніңде жан-дүниеде айтып түсіндіре алмайтын қуаныш орнайды. Мейлі сахнаның артында назардан тыс жүрейін, мейлі атым аталмаса да бұл маған үлкен серпіліс сыйлайды. Себебі осынау шара үшін қанша жұмыс істегенді жүрегің біледі. Мысалы оркестрде 60 адам отырады, бірақ сол оркестрдегі әрбір адам өзінің маңызды екенін сезінеді. Сол секілді менің де мұндағы рөлімнің қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін.

Өзгелер шабытты, идеяны демалыстан алуы мүмкін. «Үзіліс жасап, тынығып келсем идея туындайды» деп жатады. Менде керісінше, демалғанның өзінде уақытты босқа өткізгендей шаршап қаламын. Адамдармен әңгімелесу барысында, галереяда сурет тамашалағанда, кітап оқып отырып немесе ән тыңдағанда түрлі идея туындайды.

– Көрерменнің көз алдындағы өнерпаздар танымал келеді. Режиссерлер ше?..

– Жалпы өнерпаз сахнаға шығып өнер көрсетуі үшін көпшілікке көрінбей, сахна сыртында қызмет етіп жатқан қаншама маман бар. Олар, мысалы, стейджмендер дейміз, жарықпен, LED-пен, музыкалық аппаратпен жұмыс істейтін техник мамандар, әдіскерлер,

музыкалық жетекшілер, көркемдік жетекшілер, балетмейстерлер, т.т. осындай қаншама маман сахна сыртында еңбек етіп жатыр. Дегенмен қай концерт болсын режиссердың есімі аталуы керек деп ойлаймын. Аталғанда да аты-жөнін айтып, сахнаға шығаруға түбегейлі қарсымын. Себебі бұл спектакль емес, концерт. Сөздің шыны керек режиссерлердің аты аталып, халыққа таныстырмағандықтан сахна сыртында қалып қоя береді. Бір қуантатыны бүгінде ұйымдастырылған концертті сонынан әлеуметтік желіге жариялап, режиссердің есімі ескеріліп жатады. Ал театрлар әу бастан-ақ хабарландыруға режиссерды міндетті түрде жазады. Қойылым соңында да әртістер режиссерды хормен ортаға шақырып, құрмет білдіреді. Сондықтан театр режиссерлері ел ішінде кеңінен танымалдыққа ие. Олардың жұмысын біздің жұмыспен салыстыруға келмейтін де шығар. Сайып келгенде бірін артық, бірін кем деп айтуға болмайды. Екеуі де үлкен қажыр-қайратты талап етеді.

Шынымды айтсам, маған театрмен жұмыс істеген ұнайды. Балалардың қатысуымен бірнеше жоба жасадым. Көрермен назарына қойылымдар ұсындық. Жасаған жұмысымды тізбектеп, тау қонардым деп айтудан аулақпын. Бірақ отыз жылдың ішінде көп жұмыс атқарғанымды жақсы білемін. Оның барлығы үлкен жүк, жауапкершілік. Тіреп тұрған әкем не көкем, танысым болған емес. Барлығына өзімнің маңдай теріммен, Жаратқанның дарытқан өнерімен және 99 пайыз еңбекпен жетіп келе жатырмын. Сондықтан шүкір айтамын!

– Сұхбатымызды қорытындылай келе, өзіңіздей білікті маман болғысы келетін жастарға қандай кеңес берер едіңіз? Шеберлік сағатын өткізуге қалай қарайсыз?

– Уақыт жоғалтпау керек. Ізденіс керек. Кейінге қалдырмай, бүгін жасау қажет. Бүгін істеген ісіңнің нәтижесі араға жылдар салып саған жұмыс істейтін болады. Имидж қалыптастыру керек. Ол жай ғана жылтыраған сөз емес, артында таудай еңбек тұруы тиіс. Қазір байқасам креативті ойлана алатын талантты жастар өте көп. Бірақ мейлі әнші болсын, мейлі биші болсын бұл нәрсенің уақытша екенін ұмытпауы керек.

Орынды алмастыра алмайтындай мықты тұлға болу керемет шығар. Бірақ орынды баса алатын адамды өзің тәрбиелейтіндей тұлға болуың керек. Өнер саласындағы кез келген адам ізінен еретін шәкірт тәрбиелей білуі тиіс. Жаныма келіп, үйренуге талпыныс жасағандардың ешқашан меселін қайтармаймын. Қолыңнан келетін дүниені, білетін біліміңді өзгеге үйретпей, өзіңмен бірге алып кеткеннен өткен жаман нәрсе жоқ. Қанша командамен жұмыс істедім, үйретуден анып қалған емеспін. Талпынған біреу табылса бұл саланың қыр-сырын көрсетіп, ашып айтып, ертіп жүріп үйретуден жалықпау керек. Тәжірибелік тұрғыда үйрену дегеніміз теориялық тұрғыда үйренуден әлдеқайда бөлек. Осыны есте сақтау керек.

– Әсерлі әңгіме, сүбелі сұхбат үшін алғысымды білдіремін! Еңбегіңіздің жемісін көріңіз!

Сұхбаттасқан
Аружан ОРАЛБАЙ



БАТЫР САЛҒАН ӘН ҚАНДАЙ

Талантты жерлесіміз, виртуоз музыкант, әнші-композитор Батырхан Шөкеновты еске алуға арналған «Батыр салған ән қандай» атты ән кеші өтті.

Шарада Батырдың ағасы Мүсірәлі Шөкенов сөз сөйлеп, естеліктермен бөлісті. Сыр өнерпаздарына отбасының атынан алғысын білдірді.

«Сыр самалы» және «Мереке» вокалды-аспапты ансамбльдері өнер көрсетіп, қызылордалықтарға ерекше естеліктерге толы кеш сыйлады. Естеріңізге салайық, 18 мамыр – біртуар талант иесі Батырхан Қамалұлының туған күні.

Көзі тірі болғанда өнер иесі биыл 63-інші көктемін қарсы алар еді.

Батырхан Қамалұлы Шүкенов (18 мамыр 1962 – 28 сәуір 2015) – Қазақстанның және ТМД елдерінің музыка өнерінде ерекше із қалдырған танымал әнші, композитор және

саксофоншы. Ол «А’Студио» тобының алғашқы солисі ретінде кеңінен танылды.

Өмірбаяны мен шығармашылық жолы

Батырхан Шүкенов Қызылорда қаласында дүниеге келген. Музыкаға деген қызығушылығы ерте жастан байқалып, мектеп қабырғасында жүріп-ақ музыкалық үйірмелерге қатыса бастаған. 1979 жылы мектепті бітірген соң, Ленинград мемлекеттік мәдениет институтына оқуға түсіп, кейін Алматыдағы Құрманғазы атындағы мемлекеттік консерваторияға ауысып, 1985 жылы саксофон мамандығы бойынша

тәмамдады.

1982 жылы Роза Рымбаеваның «Арай» ансамбліне саксофоншы ретінде өнер жолын бастады. Кейін бұл ұжым «Алмата-студио» болып өзгеріп, 1988 жылы «А’Студио» атауын алды. Шүкенов топтың вокалісі ретінде «Джулия», «Нелюбимая», «Солдат любви» сынды хит әндерді орындап, топтың танымалдығын арттырды.

2000 жылы топтан кеткен соң, жеке шығармашылық жолын бастады. Солист ретінде бірнеше альбом шығарып, «Отан Ана», «Анажан», «Жан Ана» сияқты жүрекке жылы әндерімен тыңдарманын баурады.

Марапаттары мен қызметі

Батырхан Шүкеновке 2010 жылы – «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Ал 2013 жылы – «Евразияның үздік



әртісі» атағына ие болды. 2009–2015 жылдары – ЮНИСЕФ-тің Қазақстандағы ізгі ниет елшісі атанды.

Батырхан Шүкенов 2015 жылы 28 сәуірде Мәскеуде жүрек талмасынан қайтыс болды. Кейін «Қазақстанның халық әртісі» атағы берілді. Оның қазасы Қазақстан мен ТМД елдеріндегі тыңдармандары үшін үлкен қайғыға себеп болды.

Алматыда мыңдаған жанкүйерлері жиналып, әндерін шырқап, қоштасу рәсімін өткізді.

Оның есімімен Алматыда ескерткіш орнатылып, жыл сайын еске алу шаралары ұйымдастырылады. Батырхан Шүкеновтің шығармашылығы қазақ музыкасының алтын қорына енді.

«АЖ» ақпарат

Арал теңізі – табиғат пен адамның байланысын бейнелейтін ерекше феномен. Тарих қойнауында терең сыр жасырып жатқан бұл аймақ өткен дәуірден қалған рухани және табиғи мұралардың куәгері болып табылады. Алайда, теңіздің қазіргі күйі – экологиялық трагедия ғана емес, оның терең, айшықталмаған астарын зерттеу қажет екенін еске салады.

Арал теңізінің маңайы ежелден-ақ адамзат үшін киелі мекен болған. Бұл аймақты ежелгі заманда сақ, массагет, қанды сынды тайпалар қоныстанған. Олар суы мол теңізді тіршілік көзі ретінде пайдаланған. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде аймақта ежелгі өркениеттердің іздері, теңіз маңайындағы сауда жолдары анықталды. Бірақ Арал маңындағы тарихи мұралардың кейбірі әлі де толық зерттелмей келеді.

Арал маңының ерекше бір құпиясы – Көне Жібек жолының бойындағы елді мекендердің осы аймақта шоғырлануы. Олар теңіз арқылы сауда жасап, бай мәдени мұра қалдырған. Бұл өлке тек табиғи байлығымен ғана емес, адамзат өркениетінің дамуында атқарған рөлімен де ерекшеленеді.

Арал теңізі ХХ ғасырдың ортасына дейін әлемдегі төртінші ірі көл саналып келген. Оның тартылуына басты себеп – адам қолымен салынған ирригациялық жүйелер. Суармалы егіншілік мақсатында пайдаланылған Сырдария мен Өмудария өзендерінің арнасын бұру Аралдың тағдырына тікелей ықпал етті. Бірақ бұл процеске тек индустриалды даму кінәлі ме? Кейбір ғалымдардың пікірінше, Аралдың



СОҒЫС КЕЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫҢ МАЙДАНҒА КӨМЕГІ

Екінші дүниежүзілік соғыс – қан-шама ошақты ойрандаған, талай баланы жаутаңдатып жетім қалдырған қанды қырғын. Сол бір сұрапыл жылдары қазақ халқы өзінің Отанына, жеріне деген патриоттық сезімін, ұлттық мақтанышын дәлелдеді. Қиын қыстау кезеңде майданға кеткен әкелердің, бауырларының орнына ауыр еңбек әйелдер мен буыны қатпаған балаларға артылды.

Балалар соғыс жылдарында майданға үлкен көмек көрсетіп, елге деген адалдықтарын нақты істерімен дәлелдеді. Олар тікелей соғысқа қатыспаса да, тылда түрлі жұмыстар атқарып, жеңіске өз үлестерін қосты.

1941 жылы 2 қазанда Қызылорда қаласы, пионерлер үйінде фашистерге қарсы жалпыхалықтық митинг

Онда оқушылар ондаған қолғап, шұлықтар, бұдан басқа өз жағынан 57 бет орамал, 12 жүн шұлық, 10 тері қолғап, 20 жүн қолғап тағы басқа заттар тапсырды.

1941 жылы Жаңақорған ауданында Октябрь орта мектебінің оқушылары мен оқытушылары мектеп төңірегіндегі қолхоздарға нақты жәрдем беру ісіне шұғыл кірісті. Әсіресе «Ворошилов», «Октябрь» қолхоздарына бөлінген оқушылар қолхоздарда 8 күн ішінде 135 оқушы 23208 килограмм мақта теріп, оның ішінде 5 класс оқушылары Пейзова Зейнекүл, Төлтаева, Мақұлбеков, Байгілеуова 60-70 кг, Әбдраманов, Елмуратов есімді оқушылар 50-55 кг мақта теріп, Қызыл Ту орденімен марапатталған. Жалағаш ауданы Төрткүл орта мектебінің

типография, 35 оқушыдан құралған кеме жүргізуші үйірмелері жұмыс жасады. Балаларға патриоттық рух беру мақсатында мектептер мен интернаттарда саяси-тәрбиелік іш-шаралар ұйымдастырылып отырған. Жаңаөріс бастауыш мектеп оқушылары Тереңөзек ауданы ауыл шаруашылық жұмысына белсенді түрде көмек көрсетті. Мектептегі 30-ға жуық оқушылар қолхоздың 5-6 гектар бидайдың арам шөптерінен арылтты. Бұл жұмыстарға пионер, «Октябрияттар» ұйымының тәрбиешілері тамаша ұйымдастырушы болды.

1943 жылы Сырдария ауданының Интернационал кеңесіндегі Сталин атындағы қолхоздың оқушылары қолхоз жұмысына ірі көмек көрсетуде. Оқу озаттары Айтбай, Бихан, Асан, Бибігүл тағы да басқалар қолхоз малының төлін күтуде көп еңбек сіңірген еді. Аталған оқушылар өздерінің күндік нормасын 180-200%-ға орындап, ерлік істерін көрсетті.


Қамбаш ауылдық кеңесіне қарасты «Сталин жолы» балықшы қолхозының жанындағы оқу үйі Ұлы Отан соғысы жылдарында жаңа міндеттерге сай қызмет атқарды. Бөлмелері таза, республикалық, облыстық және аудандық газеттердің номерлері үзбей келіп тұрды. Көркем және әдеби кітаптармен толықтырылып отырды. Онда жастар саяси білімдерін көтеру ісімен де айналысты.

1944 жылы 20 маусымнан бастап облысымызда жазғы демалыс лагерьлері қалыпты жағдайда жұмыс істемесе де, балалардың демалысын, тәрбиесін және еңбекке араласуын ұйымдастыруға бағытталған шаралар жүргізіп, оған облысымыздың жұмысшылар мен қызметкерлердің балалары жіберіліп отырды. Ал, 10 маусымнан бастап қолхозшылардың балаларына қолхоз аралық лагерьлер ұйымдастырылды. Жазғы пионерлер лагерьлеріне 1944 жылы 1657 оқушы және 1000 жуық қолхоз жастары жіберілді. Оның ішінде жетім балалар үйінен 250, балабақшадан 200, ата-анасыз қалған балаларды тәрбиелейтін үйлерден 50 бала қамтылған.

1945 жылы Шиелі ауданындағы Ворошилов атындағы қазақ орта мектебінің жоғары сынып оқушыларынан мәдениет бригадасы ұйымдастырылып, «Қызылдихан», «Ақ-тоған», «Алғабас», «Ленин» атындағы қолхоздарға ойын сауық кештер, халықаралық мәселелер жөнінде әңгімелер өткізіліп отырған. Сонымен қатар оқушылар 4 бригадаға бөлініп, 1 апта ішінде 30 гектар егін егіп, 5 гектар жерді армашөптен арылтты, 1 гектар жерге жеміс ағаштарын отырғызған. Бұл жұмыстарға Медетбаев, Дорағасев, Дауылбаев, Шаутаева және Қалымбетова сияқты оқушылар ерекше өнеге көрсеткен.

Қызылорда оқушыларының майданға қосқан үлесі – тарихта мәңгі сақталатын ерлік пен еңбек шежіресі. Соғыс жылдарында олар өздерін тек оқушы ғана емес, Отан үшін еңбек етуге дайын азамат ретінде көрсетті. Олар жеңісті жақындатқан ұрпақтың абыройлы өкілі ретінде ел есінде қалды.

Айнұр ӘЛИАСҚАРОВА,
Қызылорда облыстық мемлекеттік архивінің І санатты археографы



Ленин жолы газеті №246 (1348) 16.10.1942 ж.

өткізілген. Митингке жұмысшылар, оқушылар, студенттер, ұстаздар, шаруалар мен зиялы қауым өкілдері қатысты. Олар фашист басқыншыларына «Барлығы майдан үшін, барлығы Жеңіс үшін!», «Қызыл Армия – Жеңіс армиясы!» деген ұранмен Отан қорғауға дайын екендігін жеткізіп, елдің патриоттық рухын күшейтіп, бірлікке шақырды.

Қызылорда облысы – ауыл шаруашылығына бейім өңір болғандықтан, соғыс жылдарында егіс алқаптарында балалар үлкендердің орнын басты. Олар тылдағы еңбекке белсене араласып, майдан шебіндегі жауынгерлерге рухани және материалдық жағынан көмек көрсетуге атсалысады. Олар мақта, күріш, бидай егіп, өнім жинады. Егін жинау науқанында күннің ыстығына, қиын жағдайларға қарамай, аянбай еңбек етті. Олар майданға азық-түлік пен киім-кешек дайындауға үлесін қосты. Қазалы қаласындағы орта мектептің оқушылары майдан даласында ерлік көрсетіп жүрген қызыл жауынгерлерге белсенді көмектесіп, әр оқушы өз әлініше ақша мен күмістен істелген білезік әкеліп тапсырды. Әбуова, Бекбембетова есімді оқушы комсомолдар 700 сом ақша жинап, тапсырды. Жалағаш ауданы Мәдениет ауылындағы Мәдениет мектебінің оқушылары майдандағы бағыр бауырларына жылы киім әзірлеу ісіне бар қайратымен кірісті. Мектеп жанынан қолхозшылар берген жүндерінен әртүрлі бұйымдар жасау үйірмелерін ашты. Бұл үйірмеде мектеп оқушылары бос уақытында жүн түту, иіру, тоқу ісімен айналысты.

жанынан құрылған комсомол ұйымы соғыс мүддесіне сай қайта құрылды. Ол ұйымның жетекшісі Төлепова, Қалыбеков, Дүйсенов қолхозшыларға газеттер, кітаптар оқып тұрды. Әр демалыс сайын жексенбілік жасап, онан тапқанын Отан қорғау қорына аударып отырған. Сондай-ақ олар 30 центнер металл сынықтарын, оқушы комсомолмен бірігіп, 30 дан аса киімдер тапсырды.

1943 жылы Кеңес мектебінің мыңдаған оқушылары егіс даласына шығып, қажырлы еңбек етіп жүрді. Егін егу, бастыру, мемлекетке астық тапсыру ата-аналарына, қолхозға күрделі көмек көрсетті. Облыстың мектеп оқушылары Ұлы Отан соғысы кезінде әрқайсысы әлі келгенше еңбек етіп, қызмет етудің үлгісін көрсетті. Олар ерте тұрып, кеш жатып, соғыс жылдарының қиыншылығына көніп, жұрт қатарлы жұмыс істеді. Жас балалар егіннің арамшөбін отап, Сырдария ауданындағы Қазис мектеп оқушыларының бастамасымен көптеген оқушылар масақ теріп, өз алдына бастырып, дәнді Қызыл армия қорына жіберіп отырған.

Соғыс жылдарында Қызылорда облысында техникалық ұйірмелер жұмыс істеген. Мақсаты соғыс кезінде елімізде әскери өнеркәсіпті дамыту, жұмысшылар мен жастарды жұмысқа даярлау және оларды техникалық мамандықтарға үйрету қажеттілігін арттыру болды.

Қызыл Армия үшін Арал ауданындағы мектептер 80 оқушы киім тоқу, 20 оқушы радистер, 25 оқушыдан химиктер, 30 оқушыдан

БАЛ МАССАЖЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Денені бал қоспасымен укалау теріні тегістеуге, ағзadan токсиндерді кетіруге, май шөгінділерінен арылуда және тонды тегістеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс дененің барлық бөліктеріне жарамды: арқадан ішке дейін. Бұл әдіс шығыста белсенді қолданылады, сондықтан ұзақ өмір сүреді. Бал құрамында биологиялық белсенді заттар бар, олар эпидермиспен байланыста болған кезде сеанстың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Процедура кезінде лимфа ағымы қалыпқа келеді, ішкі органдар мен тіндер жақсы сіңеді, қан айналымы жақсарaды.

Бал қоспасын қолдана отырып, дененің әртүрлі аймақтарын укалау денеге үлкен пайда әкеледі.

Егер сіз курспен массаж жасасаңыз, сіз күрделі әсерді көресіз: терінің қаттылығы артады; целлюлит көріністері азаяды; қан ағымы жақсарaды және лимфа ағымы тездейді; иммунитет күшейтіледі; жүйке кернеуі жойылады; қан қысымы қалыпқа келеді. Әдіс аурудың тиімді алдын-алу қызметін атқарады. Массаж сүйек ауруларын (остеохондроз) емдеу және алдын алу үшін қолданылады.

Бал массажы тыныс алу жолдарының ауруларының, тірек-қимыл аппаратының ауруларының алдын алу және емдеу, психикалық бұзылуларды түзету, семіздікті, бұлшықет пен буындардың атрофиясын емдеуде, жарақаттан кейінгі оналту кезеңінде басқа процедуралармен бірге тағайындалады. «Леоклиникадағы» массаж курсынан кейін барлық пациенттер әл-ауқаттың жақсарғанын байқайды, көбісі дәрі-дәрмек терапиясынан бас тарта алады немесе буын ауруы, бас ауруы, ұйқысыздық, созылмалы стресс жағдайы және шаршаудың жоғарылауы үшін дәрі-дәрмек дозасын айтарлықтай азайта алады.

Бал массажының көрсететін көптеген түрлі ауруларға пайдасы мол. Олардың негізгілері: радикулит, остеохондроз, созылмалы және қайталанатын суық, бронх-өкпе аурулары; созылмалы шаршау, ұзақ мерзімді стресс, ұйқысыздық, кейбір психикалық бұзылулар, бас аурулары; семіздік, целлюлит, терінің салбырауы. Қарсы көрсеткіштер: Бал – күшті аллергия, сондықтан бал массажы ара-өнімдеріне жеке төзбеушілікпен қарсы. Сондай-ақ, бал массажы кейбір тері аурулары, қабыну ісіктері (катерсіз және катерлі ісіктер) үшін тағайындалмайды. Жүктілік кезінде, проблемалы жерлерде варикозды тамырлармен бал массажын жасау ұсынылмайды. Сақтықпен бал массажы қант диабетімен ауыратындарға тағайындалады. Науқастың жағдайына, оның денесінің ерекшеліктеріне байланысты жеке қарсы көрсеткіштер де болуы мүмкін.

Балмен массаж процедуралары қандай пайда әкеледі?

- терінің регенерациясына ықпал етеді;
- теріні тазалаңыз (жұмсақ пилинг);
- ағзадағы метаболикалық процестерді қалыпқа келтіруге ықпал етеді – жүйке жүйесіне оң әсер етеді;

БАЛ МАССАЖЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Массаж көптеген ғасырлар бойы әртүрлі аурулардан, ауырсынудан, тері ақауларынан немесе бұлшықет кернеуінен арылуда қабілетті емдік процедура болды. Әртүрлі әсер беретін массаж әдістерінің көптеген түрлері бар. Бал масса-жы табиғи гүл балын қолдануды қамтиды. Денеге қолданылатын композицияда ағзаны сауықтыратын пайдалы микроэлементтер мен дәрумендер бар.

БАЛ МАССАЖЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Денені бал қоспасымен укалау теріні тегістеуге, ағзadan токсиндерді кетіруге, май шөгінділерінен арылуда және тонды тегістеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс дененің барлық бөліктеріне жарамды: арқадан ішке дейін. Бұл әдіс шығыста белсенді қолданылады, сондықтан ұзақ өмір сүреді. Бал құрамында биологиялық белсенді заттар бар, олар эпидермиспен байланыста болған кезде сеанстың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Процедура кезінде лимфа ағымы қалыпқа келеді, ішкі органдар мен тіндер жақсы сіңеді, қан айналымы жақсарaды.

Бал қоспасын қолдана отырып, дененің әртүрлі аймақтарын укалау денеге үлкен пайда әкеледі.

Егер сіз курспен массаж жасасаңыз, сіз күрделі әсерді көресіз: терінің қаттылығы артады; целлюлит көріністері азаяды; қан ағымы жақсарaды және лимфа ағымы тездейді; иммунитет күшейтіледі; жүйке кернеуі жойылады; қан қысымы қалыпқа келеді. Әдіс аурудың тиімді алдын-алу қызметін атқарады. Массаж сүйек ауруларын (остеохондроз) емдеу және алдын алу үшін қолданылады.

Бал массажы тыныс алу жолдарының ауруларының, тірек-қимыл аппаратының ауруларының алдын алу және емдеу, психикалық бұзылуларды түзету, семіздікті, бұлшықет пен буындардың атрофиясын емдеуде, жарақаттан кейінгі оналту кезеңінде басқа процедуралармен бірге тағайындалады. «Леоклиникадағы» массаж курсынан кейін барлық пациенттер әл-ауқаттың жақсарғанын байқайды, көбісі дәрі-дәрмек терапиясынан бас тарта алады немесе буын ауруы, бас ауруы, ұйқысыздық, созылмалы стресс жағдайы және шаршаудың жоғарылауы үшін дәрі-дәрмек дозасын айтарлықтай азайта алады.

Бал массажының көрсететін көптеген түрлі ауруларға пайдасы мол. Олардың негізгілері: радикулит, остеохондроз, созылмалы және қайталанатын суық, бронх-өкпе аурулары; созылмалы шаршау, ұзақ мерзімді стресс, ұйқысыздық, кейбір психикалық бұзылулар, бас аурулары; семіздік, целлюлит, терінің салбырауы. Қарсы көрсеткіштер: Бал – күшті аллергия, сондықтан бал массажы ара-өнімдеріне жеке төзбеушілікпен қарсы. Сондай-ақ, бал массажы кейбір тері аурулары, қабыну ісіктері (катерсіз және катерлі ісіктер) үшін тағайындалмайды. Жүктілік кезінде, проблемалы жерлерде варикозды тамырлармен бал массажын жасау ұсынылмайды. Сақтықпен бал массажы қант диабетімен ауыратындарға тағайындалады. Науқастың жағдайына, оның денесінің ерекшеліктеріне байланысты жеке қарсы көрсеткіштер де болуы мүмкін.

Балмен массаж процедуралары қандай пайда әкеледі?

- терінің регенерациясына ықпал етеді;
- теріні тазалаңыз (жұмсақ пилинг);
- ағзадағы метаболикалық процестерді қалыпқа келтіруге ықпал етеді – жүйке жүйесіне оң әсер етеді;

БАЛ МАССАЖЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Массаж көптеген ғасырлар бойы әртүрлі аурулардан, ауырсынудан, тері ақауларынан немесе бұлшықет кернеуінен арылуда қабілетті емдік процедура болды. Әртүрлі әсер беретін массаж әдістерінің көптеген түрлері бар. Бал масса-жы табиғи гүл балын қолдануды қамтиды. Денеге қолданылатын композицияда ағзаны сауықтыратын пайдалы микроэлементтер мен дәрумендер бар.

БАЛ МАССАЖЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Денені бал қоспасымен укалау теріні тегістеуге, ағзadan токсиндерді кетіруге, май шөгінділерінен арылуда және тонды тегістеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс дененің барлық бөліктеріне жарамды: арқадан ішке дейін. Бұл әдіс шығыста белсенді қолданылады, сондықтан ұзақ өмір сүреді. Бал құрамында биологиялық белсенді заттар бар, олар эпидермиспен байланыста болған кезде сеанстың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Процедура кезінде лимфа ағымы қалыпқа келеді, ішкі органдар мен тіндер жақсы сіңеді, қан айналымы жақсарaды.

Бал қоспасын қолдана отырып, дененің әртүрлі аймақтарын укалау денеге үлкен пайда әкеледі.

Егер сіз курспен массаж жасасаңыз, сіз күрделі әсерді көресіз: терінің қаттылығы артады; целлюлит көріністері азаяды; қан ағымы жақсарaды және лимфа ағымы тездейді; иммунитет күшейтіледі; жүйке кернеуі жойылады; қан қысымы қалыпқа келеді. Әдіс аурудың тиімді алдын-алу қызметін атқарады. Массаж сүйек ауруларын (остеохондроз) емдеу және алдын алу үшін қолданылады.

Бал массажы тыныс алу жолдарының ауруларының, тірек-қимыл аппаратының ауруларының алдын алу және емдеу, психикалық бұзылуларды түзету, семіздікті, бұлшықет пен буындардың атрофиясын емдеуде, жарақаттан кейінгі оналту кезеңінде басқа процедуралармен бірге тағайындалады. «Леоклиникадағы» массаж курсынан кейін барлық пациенттер әл-ауқаттың жақсарғанын байқайды, көбісі дәрі-дәрмек терапиясынан бас тарта алады немесе буын ауруы, бас ауруы, ұйқысыздық, созылмалы стресс жағдайы және шаршаудың жоғарылауы үшін дәрі-дәрмек дозасын айтарлықтай азайта алады.

Бал массажының көрсететін көптеген түрлі ауруларға пайдасы мол. Олардың негізгілері: радикулит, остеохондроз, созылмалы және қайталанатын суық, бронх-өкпе аурулары; созылмалы шаршау, ұзақ мерзімді стресс, ұйқысыздық, кейбір психикалық бұзылулар, бас аурулары; семіздік, целлюлит, терінің салбырауы. Қарсы көрсеткіштер: Бал – күшті аллергия, сондықтан бал массажы ара-өнімдеріне жеке төзбеушілікпен қарсы. Сондай-ақ, бал массажы кейбір тері аурулары, қабыну ісіктері (катерсіз және катерлі ісіктер) үшін тағайындалмайды. Жүктілік кезінде, проблемалы жерлерде варикозды тамырлармен бал массажын жасау ұсынылмайды. Сақтықпен бал массажы қант диабетімен ауыратындарға тағайындалады. Науқастың жағдайына, оның денесінің ерекшеліктеріне байланысты жеке қарсы көрсеткіштер де болуы мүмкін.

Балмен массаж процедуралары қандай пайда әкеледі?

- терінің регенерациясына ықпал етеді;
- теріні тазалаңыз (жұмсақ пилинг);
- ағзадағы метаболикалық процестерді қалыпқа келтіруге ықпал етеді – жүйке жүйесіне оң әсер етеді;

БАЛ МАССАЖЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Массаж көптеген ғасырлар бойы әртүрлі аурулардан, ауырсынудан, тері ақауларынан немесе бұлшықет кернеуінен арылуда қабілетті емдік процедура болды. Әртүрлі әсер беретін массаж әдістерінің көптеген түрлері бар. Бал масса-жы табиғи гүл балын қолдануды қамтиды. Денеге қолданылатын композицияда ағзаны сауықтыратын пайдалы микроэлементтер мен дәрумендер бар.

БАЛ МАССАЖЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Денені бал қоспасымен укалау теріні тегістеуге, ағзadan токсиндерді кетіруге, май шөгінділерінен арылуда және тонды тегістеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс дененің барлық бөліктеріне жарамды: арқадан ішке дейін. Бұл әдіс шығыста белсенді қолданылады, сондықтан ұзақ өмір сүреді. Бал құрамында биологиялық белсенді заттар бар, олар эпидермиспен байланыста болған кезде сеанстың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Процедура кезінде лимфа ағымы қалыпқа келеді, ішкі органдар мен тіндер жақсы сіңеді, қан айналымы жақсарaды.

Бал қоспасын қолдана отырып, дененің әртүрлі аймақтарын укалау денеге үлкен пайда әкеледі.

Егер сіз курспен массаж жасасаңыз, сіз күрделі әсерді көресіз: терінің қаттылығы артады; целлюлит көріністері азаяды; қан ағымы жақсарaды және лимфа ағымы тездейді; иммунитет күшейтіледі; жүйке кернеуі жойылады; қан қысымы қалыпқа келеді. Әдіс аурудың тиімді алдын-алу қызметін атқарады. Массаж сүйек ауруларын (остеохондроз) емдеу және алдын алу үшін қолданылады.

Бал массажы тыныс алу жолдарының ауруларының, тірек-қимыл аппаратының ауруларының алдын алу және емдеу, психикалық бұзылуларды түзету, семіздікті, бұлшықет пен буындардың атрофиясын емдеуде, жарақаттан кейінгі оналту кезеңінде басқа процедуралармен бірге тағайындалады. «Леоклиникадағы» массаж курсынан кейін барлық пациенттер әл-ауқаттың жақсарғанын байқайды, көбісі дәрі-дәрмек терапиясынан бас тарта алады немесе буын ауруы, бас ауруы, ұйқысыздық, созылмалы стресс жағдайы және шаршаудың жоғарылауы үшін дәрі-дәрмек дозасын айтарлықтай азайта алады.

Бал массажының көрсететін көптеген түрлі ауруларға пайдасы мол. Олардың негізгілері: радикулит, остеохондроз, созылмалы және қайталанатын суық, бронх-өкпе аурулары; созылмалы шаршау, ұзақ мерзімді стресс, ұйқысыздық, кейбір психикалық бұзылулар, бас аурулары; семіздік, целлюлит, терінің салбырауы. Қарсы көрсеткіштер: Бал – күшті аллергия, сондықтан бал массажы ара-өнімдеріне жеке төзбеушілікпен қарсы. Сондай-ақ, бал массажы кейбір тері аурулары, қабыну ісіктері (катерсіз және катерлі ісіктер) үшін тағайындалмайды. Жүктілік кезінде, проблемалы жерлерде варикозды тамырлармен бал массажын жасау ұсынылмайды. Сақтықпен бал массажы қант диабетімен ауыратындарға тағайындалады. Науқастың жағдайына, оның денесінің ерекшеліктеріне байланысты жеке қарсы көрсеткіштер де болуы мүмкін.

Балмен массаж процедуралары қандай пайда әкеледі?

- терінің регенерациясына ықпал етеді;
- теріні тазалаңыз (жұмсақ пилинг);
- ағзадағы метаболикалық процестерді қалыпқа келтіруге ықпал етеді – жүйке жүйесіне оң әсер етеді;

БАЛ МАССАЖЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Массаж көптеген ғасырлар бойы әртүрлі аурулардан, ауырсынудан, тері ақауларынан немесе бұлшықет кернеуінен арылуда қабілетті емдік процедура болды. Әртүрлі әсер беретін массаж әдістерінің көптеген түрлері бар. Бал масса-жы табиғи гүл балын қолдануды қамтиды. Денеге қолданылатын композицияда ағзаны сауықтыратын пайдалы микроэлементтер мен дәрумендер бар.

БАЛ МАССАЖЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Денені бал қоспасымен укалау теріні тегістеуге, ағзadan токсиндерді кетіруге, май шөгінділерінен арылуда және тонды тегістеуге мүмкіндік береді. Бұл әдіс дененің барлық бөліктеріне жарамды: арқадан ішке дейін. Бұл әдіс шығыста белсенді қолданылады, сондықтан ұзақ өмір сүреді. Бал құрамында биологиялық белсенді заттар бар, олар эпидермиспен байланыста болған кезде сеанстың тиімділігін қамтамасыз етеді.

Процедура кезінде лимфа ағымы қалыпқа келеді, ішкі органдар мен тіндер жақсы сіңеді, қан айналымы жақсарaды.

Бал қоспасын қолдана отырып, дененің әртүрлі аймақтарын укалау денеге үлкен пайда әкеледі.

Егер сіз курспен массаж жасасаңыз, сіз күрделі әсерді көресіз: терінің қаттылығы артады; целлюлит көріністері азаяды; қан ағымы жақсарaды және лимфа ағымы тездейді; иммунитет күшейтіледі; жүйке кернеуі жойылады; қан қысымы қалыпқа келеді. Әдіс аурудың тиімді алдын-алу қызметін атқарады. Массаж сүйек ауруларын (остеохондроз) емдеу және

ЖАҒЫМСЫЗ КОНТЕНТ: балаңыз не көріп жүр?

(басы 1-бетте)

Контент емес, қорлау

Бірір күн бұрын «TikTok» пен «Instagram» желілерінде елге белгілі журналистер мен блогерлер осы мәселеге қатысты дабыл қақты. Сол тұста журналист Дина Төлепбергеннің жазбасын көзім шалды. Тележүргізуші:

– «Тралалело Тралала». Бұл – жәй әуен бе, әлде ұрпақты діннен бездіру құралы ма? TikTok-ты аша қалсаң осы әуенді әндетіп жүрген ұл-қыздарымызды көресіз. Үш аяғына красовка киген акула. Италия акцентіндегі ырғақты рифма. Әуені – тартымды, көрінісі – күлкілі. Мәтіні ше? Бұл – ән емес, бұл – дінді қорлау. Бірақ бүгінгі бала мұны әуен деп қайталап айтып жүр. Ол сөздің мағынасын түсінбейді. Бірақ миына жазылып жатыр. Бұл енді жәй қалжың емес. Бұл – саяси пропаганда. Одан кейінгілердің саны есепсіз. Қазір TikTok-та мұндай 1,5 миллионнан астам бейнеролик бар. Олардың бәрінің көксегені соғысты ойынға айналдыру, діни қорлау, – деді ол. Ал блогер Арман Юсупов:

– Бұл кейіпкерлердің әуендері Алланы мазақтап, соғыстынасихаттайды. Әлішошып отырмын. Әсіресе 2010 жылдан 2024 жыл аралығында туған альфа ұрпақ осы мультфильмдерді қарайды, күліп, көңіл көтереді. Бірақ онда айтылған әндердің мағынасы өте қорқынышты.



Мүлде түсінбеймін, бірақ кім-деп болса да дұрыс емес нәрсе жасап отыр. Сондықтан ата-аналар енді бізге бұл мультфильмдерді көрсетпеу қажет, – деп ата-аналар қауымына үндеу жасады.

Жыл басынан бері желіні жайлаған интернет-мемдердің арасынан бірінші «Тралалело Тралала» әуені жарыққа шықты. Бірақ бұдан кейін абсурд кейіпкерлердің шеруі тоқтамады. Олардың қатарында «Бомбардиرو Крокодило, Бомбомбини Гусини, Тунг Тунг Сахур, Балерина Капучино» сынды бірнеше кейіпкерлер бар. Ал енді бұлар не мағына береді дейсіз ғой. Айтайын...

«Тралалело Тралала» әнін көк түсті үш аяғына красовка киген акула айтады. TikTok-та 26 миллион қаралым жинап үлгерген. Оның аудармасы – «Алла шошқа, Алла жаман» дегенді білдіреді екен. Ал мұның басты қаупі – баланы дінге қарсы қою.

«Бомбардиру Крокодило» ше? Екінші дүние-жүзілік соғыс кезіндегі АҚШ әуе күштерінің негізгі бомбалаушысы ретінде көрсеткен «Boeing B-17» ұшағымен байланыстырылған қолтырауын кейіпкер. Астарында – «Мен Палестинадағы балаларға бомба тастағанды ұнатамын. Аллаға сенбеймін, сенің анаңның рухымен қоректенем» деген сөздер жатыр. Яғни бала осы арқылы зорлықты қалыпты нәрсе ретінде қабылдауға бейімделеді. Мұның өзін «Tik Tok» желісінде 4 миллионнан астам балғын тамашалаған.



«Тунг Тунг Сахур» дегеніміз – «Сахур кезінде шақырып үлгермесең үйіңе қорқынышты ма-құлық келеді» дегенді білдіреді. Бейнероликте қасиетті Рамазан айында ауыз бекітуге ниет еткен адамның тамақтану сәті бейнеленген. Қолында бейсбол таяқшасы бар басты жауыз. Аңыз бойынша оның атын үш рет атасаң, соңынан қалмай ілесіп жүреді. Бұл AI жануарларының ішіндегі ең күшті тіршілік иелерінің бірі болып саналады. Бұл арқылы бала сәресі уақытын рухани сәт емес, қорқынышты дабыл деп қабылдауы мүмкін. Ал бұл үрейлі бейнеролик 91,1 миллион қаралым жинаған.

«Бомбомбини Гусини» – «Ағам – бомбардиру қолтырауын. Ол ағасы сияқты барлық функцияларды орындайды және адамдарға бомба таратады» деп айқайлайды. Яғни ол бағана біз айтқан «Бомбардиру Крокодило» кейіпкердің бауыры болып есептеледі. Сол секілді бомба тастайды, бомба әзірлейді. Ал агрессиясы күлкімен бүркемеленген. 3 миллионға жуық қаралымы бар мұның да басты мақсаты – бала санасын кәтігездікке бейімдеу.

«Балерина Капучино» – бастың орнына кофе шыныаяғы бар биші. Бұл бейсаналық гендерлік кодтау. Әйел бейнесін тек ермек үшін жаратылған деп көрсету. Ол Капучино Ассасиноның әйелі болған. Бірақ Тралалело Тралаламен опасыздықтан кейін ажырасқан. Мағына жоқ, тек ырғақ. Ал басты қаупі – қыздың жүрегіне кемдік, ұлдың санасына үстемдік ұялатады. Сұмдық па? Ал біздің бүлдіршіндер бұл сөздерді жәй ғана ырғақ деп қабылдап, күнделікті қайталап жүр.

«Брейнрот» – бала миының шіруі

Бұл мемдердің қатары күн сайын көбейіп келеді. Түсініксіз, ұсқынсыз түрлердің әрбірінің астында үлкен мағына жатыр. Олардың бір ғана ортақ белгісі бар. Яғни ұзақтығы 15-45 секунд болатын қысқаметражды анимациялық роликтердің бәрі #brainrot хештегімен таралып жатыр. Ол – «мидың шіруі» дегенді білдіреді. «Brainrot» – жәй интернет термин емес. 2024 жылы Оксфорд сөздігі оны «Жыл сөзі» деп жариялап, абсурд пен бос күлкінің үстемдік құратын дәуірі басталды дегенді мензеді.

Психотерапевт Шерил Эскин былай дейді. «Итальяндық брейнрот – миға арналған цифрлық кәмпит секілді. Бұл – ата-аналар түсінбейтін құпия тіл. Сондықтан балалар үшін ол «керемет» болып көрінеді. Бірақ тәттіні тексерсек – нағыз у екен...».

Мәселеге қатысты ҚР Оқу-ағарту министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитеті де қарап отырмады. Дерек интернет кеністігінде сырт көзге балаларға арналған контент ретінде көрінетін,

лықтың амандығы үшін әрекет етеді. Олар – әр шақыртуда беймәлім жағдайға аттанып, өз өмірін екінші орынға қоятын қаһармандар. Менің ойымша полиция тек қызмет емес, сонымен қатар ұлтқа адал болудың, адам өміріне жауапты болудың ерекші түрі.

Бұл хатымда мен полицияның қоғамдағы орны, маңызы және полиция қызметкерлеріне деген азаматтық пікірім мен ризашылығым туралы

ПОЛИЦИЯҒА ХАТ

ойымды шын жүрегіммен жеткізгім келеді. Дәл осы хат – әрбір адал полиция қызметкерлеріне алғысым мен сенімімнің үні.

Полиция – халықтың қорғаны, мемлекеттің тірегі және әділет жолындағы күрескер. Біріншіден, полиция қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздіктің негізін қалаушы күш. Әрбір азаматтың еркіндігі мен қауіпсіздігі тек заңмен ғана емес, сол заңның орындалуын қамтамасыз ететін полиция қызметкерімен де қорғалады. Мысалы, көшеде түнде жалғыз жүрген адам өзін қауіпсіз сезінсе, ол тәртіп сақшыларының еңбегінің жемісі. Ме-


алайда мазмұнында жасырын деструктивті ақпарат бар мультфильмдердің таралуына алаңдаушылық білдіріп, мәлімдеме жасады.

– Қазіргі таңда ақпараттық кеңістікте айтарлықтай өзгерістер орын алуда: жана платформалар пайда болып, ақпарат тарату форматы да өзгеріп келеді. Бұл жағдай, әсіресе балалардың психо-эмоционалдық саулығы үшін қосымша тәуекелдер тудырады. Осыған байланысты Балалардың құқықтарын қорғау комитеті қазіргі цифрлық жағдайларды ескере отырып, заңнамалық базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындауда, – делінген көрсетілген ақпаратта.

Осыдан соң аталған ұсыныстарға тиісті шаралар қабылдау мақсатында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ішкі істер министрлігіне жолданған. Балалардың құқықтарын қорғау комитеті таратқан ақпаратта:

– Құрметті ата-аналар! Балаларыңыздың әлеуметтік желілерде қандай контент көріп жүргеніне, кімдермен қарым-қатынаста екеніне және интернетте қандай тақырыптарды талқылайтынына ерекше назар аударыңыз. Баламен үнемі ашық сөйлесіп, оның сыни ойлау қабілетін дамытыңыз және зиянды ақпаратқа қарсы тұра алатындай дағдыларды қалыптастырыңыз. Егер күмәнді немесе күдікті контентті байқасаңыз – бұл туралы бірден құзырлы органдарға хабарлаңыз. Саналы ата-ана ретінде балаңыздың өміріне белсенді араласуыңыз – оның цифрлық кеңістіктегі қауіпсіздігінің басты кепілі, – делінген.

«Тралалело Тралаланың» құбыжық достары бүкіл желіні жаулап келеді. Олардың барлығы жасанды интеллект тудырған, логика мен реализмге бағынбайтын бейнелер. Фактчек нәтижелері көрсеткендей, бұл мәтін нейрожелілік модель арқылы автоматты түрде құрылған. «KnowYourMeme» сияқты интернет энциклопедиялар да бұл ақпаратты растап отыр. Ресми сайтында жарияланған жазбада «Құдайды және Алланы балағаттаймын. Мен ақымақ баламмен «Fortnite» ойнап отыр едім, кенеттен әжем – Орнелла Леккакапелла келіп, «Бургер» деген ақымақтың бізді кешкі асқа шақырғанын айтты...» деп нақты көрсетілген. Бұдан соң ойланбау мүмкін емес.



Баланы бейнеролик емес, ата-ана тәрбиелесін!

«YouTube» желісінде балаларға арналған контент көп. «CashNetUSA» зерттеуіне сәйкес, балалар контенті әлемдегі ең тиімдісі екен. Сондай-ақ 11 жасқа дейінгі балалардың шамамен 80 проценті осы платформаны көреді. Ересек адамдардың контентіне қарағанда миллиард қаралым жинай алатын да балаларға арналған жобалар. Соның басым көпшілігін «құбыжық» кейіпкерлерді тамашалағанды ұнатады.

Дәл қазіргі сәтте осы мемдерге қатысты түрлі зерттеулер жасалып жатыр. Бірақ күрмеуі қиын түйткілдің түйінін тарқату оңай болмай тұр. 10-15 секундтық өтімді контенттер ұсыныатын «TikTok» пен «You Tube» платформаларындағы бейнероликтерді де жою мүмкін емес. «Абсурд мемдердің» дәл осы форматқа бейімделгені де балаларды тез баурап барады.

Мультфильм баланы ойландыру үшін емес, есенгірету үшін жасалады. Қарапайым қысыңға бағынбайтын визуал мен мағынасыз сөйлемдер бір сәтте күлдіреді, жылатады, таң қалдырады. Тіпті мазасыздық та тудырады. Бастысы – бейжай қалдырмайды. Шекарасыз жасалған мемдер өздерін шынайы етіп көрсетіп – хаос пен эмоция үстемдік құрып келе жатқанын мензеп отырғандай.

Адам баласының қалыптасып, қатарға қосылуына отбасы жүз пайыз әсер ететіні айдан анық. Шағын ғана шаңырақта дүниеге келген шақалақ өсе келе ширақ бала, шымыр жігіт, шау тартқан қарияға айналады. Қоғамға қолұшын беріп, қоршаған ортаға зиян тигізбей, ата-анасының атына кір келтірмейтін перзенттің өсіп-өнуіне отбасы жан-жақты жұмыс істеуге міндетті. Тәуір бала, тәрбиелі шәкірт, тәлімгер адам, тәжірибелі маман, бәрінің шығу төркіні – отбасы, ошақ қасындағы өсиет пен өнегеге тікелей байланысты. Сондықтан Адамның бір қызығы бала деген сөз текке айтылмаған.

Құрметті ата-аналар! Шыр етіп дүние есігін ашқан күннен бастап перзенті үшін күйіп-пісетін ата-ананың алғашқы һәм маңызды міндеті оның тәрбиесі. Баламның көйлегі көк демейіз, көзі не көріп жүр деңіз! Баламның қарны тоқ демейіз, немен қоректеніп жүргеніне көңіл бөліңіз! Бүгінгі баланы бейнеролик емес, ата-ана тәрбиелесін. Қорыта келе, осы мәселеге қатысты журналист Дина Төлепбергеннің сөзімен түйіндесек.

... Мен диалог бастайық деймін. Балаңыз не көріп жүр? Не тындап жүр? Неге күледі? Кімге еліктейді? Бұл сұрақтардың жауабын сіз білмейінше жауапты нейрожүйе береді. Сондықтан ми шірімесін десек, мағына берейік!

Нұр БАҚЫТ

Суреттер ашық дереккөзден алынды



Қоғам – үлкен бір организм іспетті. Оның амандығы, тыныштығы мен тұрақтылығы әрбір азаматтың бейбіт өмір сүруіне тікелей әсер етеді. Ал сол тұрақтылықтың күзетшісі мен сақшысы – полиция қызметкерлері. Полиция бұл тәртіп пен әділеттіліктің символы. Олар – заңның қорғаушысы, әлсіздің панасы, бейбітшілік тірегі. Бұл жәй ғана мамандық емес, бұл ерлік пен төзімділіктің, мызғымас жауапкершіліктің көрінісі. Полиция қызметкері әр қадамды бақылап, ха-

лықтың амандығы үшін әрекет етеді. Олар – әр шақыртуда беймәлім жағдайға аттанып, өз өмірін екінші орынға қоятын қаһармандар. Менің ойымша полиция тек қызмет емес, сонымен қатар ұлтқа адал болудың, адам өміріне жауапты болудың ерекші түрі.

Бұл хатымда мен полицияның қоғамдағы орны, маңызы және полиция қызметкерлеріне деген азаматтық пікірім мен ризашылығым туралы

ойымды шын жүрегіммен жеткізгім келеді. Дәл осы хат – әрбір адал полиция қызметкерлеріне алғысым мен сенімімнің үні.

Полиция – халықтың қорғаны, мемлекеттің тірегі және әділет жолындағы күрескер. Біріншіден, полиция қоғамдағы тәртіп пен қауіпсіздіктің негізін қалаушы күш. Әрбір азаматтың еркіндігі мен қауіпсіздігі тек заңмен ғана емес, сол заңның орындалуын қамтамасыз ететін полиция қызметкерімен де қорғалады. Мысалы, көшеде түнде жалғыз жүрген адам өзін қауіпсіз сезінсе, ол тәртіп сақшыларының еңбегінің жемісі. Ме-

мейірімді әрекеттердің нәтижесінде ғана пайда болады. Меніңше, біз полиция қызметкерлерін сынга алмай, оларға алғыс айтып, қолдау көрсетуіміз қажет. Халық пен тәртіп сақшысы бір біріне сеніп, түсіністікпен қараса қоғамда бейбітшілік нығаяды. «Ел қорғаған ер қадірлі» дейді дана халқымыз. Әрбір баланың күлкісі, оның амандығы, азаматтың еркіндігі, бәрі тәртіп сақшысының тынымсыз еңбегімен тікелей байланысты. Сондықтан бұл хат жәй алғыс емес, үміт және жүрек үні.

Құрметті полиция қызметкерлері! Сіздердің ел үшін атқарып жүрген ауыр әрі жауапты қызметтеріңіз үшін шексіз алғыс айтамын. Сіздер әділет пен тәртіптің тірегі, халықтың сенімді қорғанысыздар. Сіздердің қиын сәтте көмекке келулеріңіз – үлкен жауапкершіліктеріңіздің белгісі. Әрбір жасаған адал қадамдарыңыз қоғамға сенім және тыныштық сыйлайды. Сіздердің ерлік істеріңіз – болашақ ұрпаққа үлгі. Қызмет жолдарыңызда амандық, отбасыларыңызға бақытпен береке тілеймін. Халық сіздерге сенеді.

Жансия БАСАРОВА,
К.Қарақозов атындағы № 235 мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы

Қызылорда – тазалық пен тәртіптің қаласы. Көшелері тап-таза, ауалары жинақы.
Бұл – тек тазалықшылардың емес, бүкіл халықтың ортақ еңбегі мен санасының айғағы.

ТАЗА ҚАЛА – ТАЗА ҚОҒАМ

Қарапайым тұрғындар сенбіліктерге шығып, көшет отырғызып, ауласын таза ұстауды дағдыға айналдырған. Мұнда «таза ұстау – бір адамның емес, бүкіл елдің міндеті» деген түсінік қалыптасқан.

«Таза қала – таза қоғам» ұранымен жүзеге асқан жобалар бүгінде басқа өңірлерге үлгі болып отыр. Қызылордалықтар табиғатты қорғауды, аялауды үйренген.

Бір қала үлгі болса, ұлт өзгереді. Қызылорда осыны дәлелдеп отыр. Енді біз де өз қаламызды таза ұстап, еліміздің жарқын келешегіне бірге үлес қосайық!

Назым АХМЕТЖАНОВА,
12 мектеп-лицейінің 11-сынып оқушысы

Шетелде қазақы болмысты ұмытпай, нәзіктік пен талғампаздықты серік еткен қазақ қызы – Нұрайым Оралбайқызы. Айымнұр есімімен танымал ол – бүгінде АҚШ-та табысты визажист атанып, мыңдаған қыз-келіншекке сұлулық пен сенім сыйлап жүрген жан. Сұхбаттасудың сәті түсіп, мұхит асып, болашаққа батыл қадам жасаған кейіпкеріміздің өмірге деген сүйіспеншілігі оқырманды қызықтырмай қоймасы анық.

АМЕРИКАНЫ БАҒЫНДЫРҒАН АЙЫМНҰР

– Америка сынды алпауыт елде өз жолыңызды тауып, табысты визажист атануыңыз – біз үшін үлкен мақтаныш. Айтыңызшы, сұлулық әлеміне келуіңізге не түрткі болды? Бұл жолды бұрыннан армандадыңыз ба?

– Менің сұлулық саласына деген қызығушылығым мектеп қабырғасында, яғни 10-11 сыныптарда басталды. Бала кезімнен сурет салуды, қылқаламмен жұмыс істеп, бояулармен ойнауды ерекше жақсы көретінмін. Әсіресе суреттерді бояп, сәндеп, қылқаламның әр қозғалысынан шабыт алатынмын. Сол кезден бастап шығармашылықпен айналысуға құштар болдым.

Жоғары оқу орнына түскен кезде, өзімді тек мамандық шеңберінде шектеп қалмайтынымды бірден түсіндім. Себебі қағазбен жұмыс істеп, бір орында отырғанды ұнатпайтынмын. Ата-анама қаржылай ауыртпалық түсірмеу үшін мемлекеттік грантка оқуға түстім. Бірақ шығармашылыққа деген қызығушылығымды жоғалтпай, визажист мамандығын қатар игеруге бел будым. Тек 10 күндік курсқа қатысып, алғашқы қадамымды жасадым.

Әуелде ешнәрсе оңай болмады. Қолымнан көп дүние келмейтіндей көрінді, кәсіби деңгейге жетемін деп те ойламаппын. Бірақ еңбек-қорлығымның арқасында алға ұмтылып, кәсібimde шыңдалып, өз жолымды таптым. Америкаға дейін барып, осы салада жетістікке жетемін деп ешқашан армандамаппын.

– Макияж – екінің бірінің қолынан келе бермейтін нәзік те жауапты іс. Ал сіз үшін ол жай ғана кәсіп пе?

– Мен үшін макияж – жай ғана кәсіп емес, өнер. Ол адамның ішкі жан дүниесін ашып, өзінің идеялары мен шабыттын, сұлулықты сыртқа шығаруға мүмкіндік беретін шығармашылық әлем.

Бұл салаға тек кәсіп немесе ақша үшін келетін адамдар бірден байқалады – олар сүттің бетіне шыққан қаймақтай көзге түседі. Себебі макияжды тек табыс көзі ретінде қабылдаған адам шығармашылықтан алшақтап, уақыт өте келе қызығушылығын жоғалтады. Нәтижесінде мұндай мамандар көп жағдайда бір-екі жыл ішінде саладан кетіп жатады.

Ал нағыз маман деп – макияжды өнер деп түсініп, осы іске шын жүректен ғашық болғандарды атауға болады. Олар уақыттын, күш-жігерін аямай, шеберлігін үнемі жетілдіреді. Бұл сала адамның ептілігін, шыдамдылығын, шығармашылық махаббатын, шабытын және басқаларға деген сенімін шындайды.

– АҚШ-тағы сұлулық индустриясында өз орныңызды қалыптастыру жолында қандай кедергілерге тап болдыңыз? Жалпы, шетелдегі быоти саланың Қазақстандағы индустриядан айырмашылығы неде?

– Өз орнымды қалыптастыру кезінде құжат мәселесінде аздаған қиындықтар болды. Дегенмен бұл мені тоқтатқан жоқ. Себебі мен бәрін нөлден бастап, Қазақстанның шағын қаласынан кәсібімді дөңгелетіп, Алматыда өз салонымды ашып, жинаған тәжірибем мен білімімнің арқасында АҚШ-та өз орнымды таба алдым. Қазақстанда үй-ренгенім, онда жинаған білімім мұнда үлкен көмек болды.

АҚШ-тағы сұлулық саласы күтім тұрғысынан Қазақстанмен са-

лыстырғанда баяу дамыған. Жоғары деңгейдегі мамандар бар, бірақ олардың қызметтері өте қымбат, көбінесе Голливуд жұлдыздарына бағытталған. Мұндағы адамдар жеңіл, табиғи макияжды қалайды, әрі сенің еңбегінді шынайы бағалайды, әділ төлем жасайды.

Қазақстан, Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан сияқты (ТМД) елдерден шыққан мамандарды өте өнерлі деп санаймын. Бізден шыққан мамандар ізденімпаз, шығармашылыққа жақын және жоғары сапалы қызмет көрсетуге талпынады. Олардың білімге құштарлығы, үздіксіз тәжірибе жинауға деген ұмтылысы ерекше.

– Әлеуметтік желідегі бейнелеріңіз мыңдаған қыз-келіншекке шабыт сыйлап, үлкен мотивация береді. Жат жерде жүріп, қорықпай еңбек етуіңіз – өз алдына бір ерлік. Ал өзіңізге шабыт беретін күш-қуат көзі не?

– Өмір – толығымен шабыт дер едім. Өйткені өмір сүрудің өзі, сүйудің өзі маған үлкен шабыт сыйлайды. Мен кішкентай дүниелерден де шабыт аламын: табиғаттың тылсым әсемдігінен, асқар таулардың көркі мен әсем көріністерінен, жүрекке жақын әуендерден, сәнді әшекейлер мен ерекше көйлектерден, адамдардың жылылығы мен жан дүниесінен, суреттердің сұлулығынан – бәрінен шабыт табамын. Өмір – әдемілікке толы ғажайып әлем, тек оны көре білген жан ғана сезіне алады. Алланың әрбір туындысы – табиғат та, адам да шынайы сұлулықтың айғағы емес пе?!

Менің кәсібім де маған ерекше шабыт береді. Макияж жасау арқылы түрлі қыз-келіншектермен танысып, олардың қайталанбас сұлулығын көремін. Біреудің көз жанары ғажайып, енді бірінің қасы мінсіз иілген, тағы бірінің бет әлпеті нәзік те көрікті. Әрбір әйел – өз алдына бір ерекше әлем, өзіндік сұлулығымен таң қалдырады.

Осындай жұмысымның арқасында сан-ауан жандармен кездесіп, әңгімелесіп, суретке түсіріп, олардың әсемдігін айқындаудан шабыт аламын. Адамдармен араласу, олардың ішкі және сыртқы сұлулығын паш ету – мен үшін үлкен қуаныш пен шығармашылықтың қайнар көзі.

– Кей адамдар макияжды бетперде десе, енді бірі – ішкі жан-дүниесін көрсетудің құралы деп түсінеді. Сіздің ойыңызша, макияждың басты күші неде? Ол әйел адамға не сыйлай алады?

– Керемет сұрақ! Макияждың басты күші – оның адамның ішкі сенімділігін арттыруында. Ол тек сыртқы сұлулықты айқындап қана қоймай, адамның көңіл-күйін, өзіне деген құрметін көтеріп, жан дүниесін жарқыратады. Макияж – ішкі қалауларды сыртқа шығарудың тамаша құралы. Қалыңдық макияжды нәзіктікті, пәктікті және шынайы бақытты бейнелейді. Ақ пейіл мен жүрек толқынысын айқындап, қалыңдықтың ерекше күнінде өзін патшайымдай сезінуіне мүмкіндік береді. Кешкі макияж батылдықтың, сенімділіктің, құштарлықтың көрінісі. Фотосессияларда немесе ерекше кештерде өзін мықты, қайсар, еркін көрсеткісі келетін жанның ішкі күшін паш етеді. Күнделікті немесе іскерлік макияж жинақылық пен іскерлікке толы. Мұндай макияж адамның кәсіби имиджін қалыптастырып, оның тәртіпті, сенімді әрі маңызды тұлға екенін жеткізеді. Креативті макияж шексіз қиял мен шығармашылықтың көрінісі. Бұл стиль ішкі жан дүниенің еркіндігін, жарқырауға деген ұмтылысты, өзіндік ерекшелікті сыртқа шығарады.

Осылайша, макияж – адамның ішкі әлемін, жан сырын, мінезін, тіпті армандарын сыртқа көрсетудің қуатты құралы. Ол әрбір жанның өзін табуға, өзіндік болмысын батыл көрсетуге мүмкіндік береді.

– Алдағы уақытта Отанға оралу ойыңызда бар ма? Әлде шетелде жүріп, жаһандық деңгейде тәжірибе жинап, өз атыңызды одан әрі биіктеткіңіз келе ме?

– «Отан – оттан да ыстық» деген сөздің мәнін жылдар өте тереңірек түсінеді екенсің. Елге оралып, шетелде жинаған бар тәжірибемді Қазақстандағы быоти саласының одан әрі дамуына арнағым келеді. Мақсатым – осы саланың әлемдік деңгейде мойындалып, қазақстандық таланттардың да жарқырауына жол ашу.

Осы тұста барлық оқырмандарыма, маған сенім артып, қолдап жүрген жандарға шын жүректен алғыс айтамын. Сіздердің қолдауларыңыз – менің ең үлкен шабыт көзім. Өрқайсыларыңыздың да өз армандарыңызға жетуге толық мүмкіндіктеріңіз бар. Өз ісіңізді сүйіңіздер және сенімді болыңыздар! Өйткені шынайы сенім мен еңбектің күші кез келген биікті бағындыра алады.

– Әңгімеңізге көп рақмет!

Қорлан САРЫ

ТӘУЕЛДІЛІКТІҢ ТӘТТІ УЫ

Лудомания – адамның құмар ойындарға деген тәуелділігі. Ол ойын автоматтары, онлайн-казино, бәс тігу мен лотереяларға қатысу арқылы көрініс табады. Мұндай ойындар көбінесе «жеңіл ақша табудың жолы» ретінде ұсынылады. Алайда шын мәнінде, бұл ойындар адамның миындағы дофамин жүйесін қоздырып, уақыт өте келе физикалық әрі психологиялық тәуелділікке ұласады.

Туризм және спорт вице-министрі Ержан Еркінбаевтың айтуынша, Қазақстанда 350 мың адам құмар ойындарын ойнайды екен, оның 36 мыңы лудоман.

Лудоманияға адам саналы түрде барады. Дегенмен бұл құбылыс біздің санамызда қалыпты жағдай ретінде орын алған. Себебі букмекерлік кеңселердің жарнамасы барлық жерде кездеседі, ал оның біздің түпсанамызға әсері туралы көп біле бермейміз. Керісінше, күнделікті өмірде теледидардан, әлеуметтік желіден, үлкен ғимараттардың сыртындағы жарнамалардан құмар ойындарды насихаттайтын көріністерді жиі көреміз. Соның салдарынан біздің көзіміз бен санамыз лудоманияны мәселе ретінде қабылдамайды. Кейде жастар «ойнап көрейін, ештеңе етпес» деген оймен бастап, бірте-бірте тәуелділікке түсіп жатады.

Лудомания адам өмірін күрт өзгертіп жіберуі мүмкін. Көбіне бұл қылмыс жасауға, несие мен қарыз алуға, отбасымен араздасуға және басқа да тәуелділіктерге әкеледі. Мысалы, 2023 жылғы статистика бойынша, ерлі-зайыптылардың

ажырасуының 70%-ы құмар ойындардың әсерінен болған. Кейбір ойыншылар тіпті тұрғын үйін немесе соңғы ақшасын да бәске салған.

Жалпы, құмарлыққа салынудың психологиялық себептері бар. Соның бірі – «жеңіске жету иллюзиясы». Бір рет ұтып көрген адам өзін өмірдің басты жүлдесін жеңіп алғандай сезінеді. Одан әрі адреналин мен тәуекелге құмарлық адамды қызықтырып, жаңа эмоция бергендіктен адамды сол сәтте арбап алады екен.

Лудомания – күрделі құбылыс. Онымен күресу үшін біршама күш қажет. Мысалы, букмекерлік жарнамаларға тыйым салу, мектеп жасынан бастап түсіндіру жұмыстарын жүргізу, лудоманияға шалдыққандарға психологиялық көмек көрсету шараларын ұйымдастыру.

Көбіне құмар ойындар қоғам назарынан тыс қалып жатады. Бірақ олардың халықтың әл-ауқатына тигізетін зияны орасан. Қылмыс, ажырасу, психикалық ауытқу, тәуелділік, несиелер –



мұның бәрі «жеңіл ақшаның» артында тұрған ауыр жүк. Сондықтан құмар ойыннан алшақ болайық!

Мерей ШӘКРАТ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің студенті